

Мақтаарал ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің

№3 «А.Әуметхан» бөбекжай балабақшасы МКҚК



Бөлім:

Б/б меңгерушісі:

Амирситова З.А.

08.2021ж

2021-2022 жылдың Ән-саз жетекшісінің

тақырыптық айлық, жоспары.

«Балапан» кіші тобының тақырыптық жоспары

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: Музыка

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту.

Айы	Оқу іс – әрекетінің тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	«Әлди-әлди ,ақ бөпем»+	1
	«Қулыншақ»+	1
		1
		1
Қазан		1
	«Әуенді сандықша»+	1
	«Машина»+	1
		1
Қараша		1
	«Паравозбен саяхат»+	1
	«Доп»+	1
		1
Желтоқсан	«Күн дидарлы Қазақстан»+	1
		1
		1
	«Келді міне Жаңа жыл»+	1
Қаңтар	«Аяз ата мен Ақша қар»+	1
		1
		1
	«Шыршамызға арнаймыз»+	1
Ақпан	«Орманда серуендейміз»+	1
	«Қысқы әуен»+	1
		1
		1
Наурыз	«Наурыз жыл басы»+	1
		1
	«Армысың Наурыз»+	1
		1
Сәуір	«Тауық пен балапан »	1
	«Күн мен жаңбыр»+	1
		1
		1
Мамыр	«Достық»+	1
		1
		1
	«Кел, билейік!»+	1
Барлығы:		36

1 .Мерзімі:	6,13-қыркүйек 2021 ж.
Білім беру саласы:	Шығармашылық
Бөлімі:	Музыка
Тақырыбы:	«Әлди-әлди, ақ бөпем»
Мақсаты:	«Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.
Көрнекілігі:	қуыршақ, бесік, бала тербетіп отырған бала.
Сөздік жұмыс:	бесік, әлди-әлди.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялы- қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қ «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем», - деп бесікті тербетіп әндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім, Ақ бесікке бөледім. Аймен күнге теңедім, Ақтарылған өлеңім.	Балалар баяу дауыспен әндетіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады. Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка жетекшісі балаларға бесікті таныстырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататыныннан мәлімет береді.. « Ұйықта , бөпем » (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек). Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей, жай жүріп, жай сөйлеу керектігін түсіндіру. « Қуыршақпен ойын ». Балаларға қуыршақ беріп, олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды. Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2-3 рет қайталанады.	Балалар әнді тыңдайды. Бесікті кезек-кезек тербетіп, жәй дауыспен «әлди-әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштық сақтап, сыбырлай сөйлеп, көп қимыл жасамайды. Балалар қуыршақты алдарына алып, әлдилейді. Музыка өзгергенде балалар қуыршақтарын көтеріп, бірге билеуге әрекет жасайды..
Рефлексиялық- түзетушілік	Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Қорытындылау, балаларды мадақтау.	Балалар жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

- Біледі :** бала ұйықтар алдында «Әлди-әлди» әні орындалатынын білуі керек.
- Игерді:** «бесік», « қуыршақ», «әлди-әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.
- Меңгереді:** қуыршақпен биледі, ұйықтатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 20,27-қыркүйек 2021 жыл

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылын жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ботаның макеті, ойынға арналған таяққа кигізілген аттың басы, ат, құлын.

Сөздік жұмыс: түйе, бота, ат, құлыншақ, бәйге..

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залына көңілді әуенмен кіргізу. - Балалар, бүгін сендерді түйенің төлі кішкене ботақан күтіп отыр (суретін көрсетеді). Қане, бәріміз ақ тайлақпен сәлемдесіп, жүруді, жүгіруді көрсетейік. Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйрету. - Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескерту.	Балалар әуенді ести отырып, қимылдар жасайды. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Ал, балалар, қазір кішкенттай ботақанға арнап «Ақ тайлақ» әнін орындап берейік, алдымен сендер мені тыңдаңдар, сонан соң сендер орындап бересіңдер, жарай ма? Ән үйрену: «Құлыншық» (балармен бірге қосылып орындау). -Бота қалай дыбыс шығарады? - Балалар, кішкене ботақан сендермен бірге «Бәйге» ойынын ойнауды өтініп отыр. Ойнаймыз ба? Олай болса, «бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар. - Ал келіндер, келіндер, Мені қуып жетіндер. – деп, ойынға шақыру. Ал қанекей, қашыңдар, Тез-тез аяқ басыңдар, - деп балаларды кішкене бота қуа жөнеледі. Балалардың көңіл күйіне қарай отырып ойынды қайталау.	Музыканы тыңдайды. Балалар ботамен бірге жүреді, жүгіреді, аяқтарын көтеріп жүруге талпынады. Қол шапалақтайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен ботадан қашуға тырысады. Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, бізге бүгін кім келді? - Ботадан басқа қандай үй жануарларын білесіңдер? Балалардың жүрісіне, жүгірісіне ризашылығын білдіру. Бота: «Балалар, мен сендерге ризамын, сендер мен сияқты өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар.	- Қуыршақ кішкене бота келді. - Қозы, бұзау, лақ... Балалар ботамен қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге сай қимыл жасауды, үй жануарлардың төлдерін атауды.

Игереді: музыканы тыңдап, ботамен билеуді, ойнауды игереді

Меңгереді: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, жануарлардың қимыл қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 4,11-қазан 2021 ж.
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Әуенді сандықша»
Мақсаты: әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.
Көрнекілік: барабан
Сөздік жұмыс: соқ-соқ, доң-доң.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көңілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады. Балалар санына сай түсті шарларды дайындау.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып айналады. Тізені бүгіп серіппелі қимылдар жасайды. Қуыршақты қызықтайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалардан ойыншықтар туралы сұрау. Ал енді осы ойыншықтар туралы ән тыңдаймыз. Ән айту: «Ойыншықтар». Енді өткен сабақта үйренген «Кір қуыршақ» әнін еске түсіреміз. Әнді алдымен әуенімен еске түсіріп, содан кейін сөзін қайталату. Ән айту кезінде дауысты дұрыс шығаруы, бірін-бірі тыңдап айтуы қажет. Балалар қолдарындағы барабандарды кезек-кезек көтереді. Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып айтулары қажет. Алдымен әуенді бірнеше рет қайталайды. Одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі. Ойын: «Өз түсіңді тап» Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әнді тыңдай отырып қолдарын көтереді. Әннің әуенін дұрыс тыңдап, таза айтуға тырысады. Әннің екі жолын үйренеді, әуен есте қалған кезде келесі екі жолын үйренеді. Артынан шумақты түгел айтады. Әнді айғайламай айтуға тырысады. Әнді бірге айтуға тырысады. Балалар залда еркін қимылдар жасап, өз түстеріне лайық машиналарын табуға тырысады. Музыканы тыңдай жүріп, музыка аяқталғанда тез жиналуға әрекеттенеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балаларды мактау, мадақтау, қорытындылау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды.
Игереді: түстерді ажырата білуді.
Меңгереді: музыка әуенімен еркін жүгіріп, музыка тоқтағанда өз түстерін таба білу дағдыларын дамытуды.

Мерзімі: 18,25-қазан 2021 ж.
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Машина»
Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.
Қолдарына көрнекі құралдар: машина макеті.
Сөздік жұмыс: машина, «гүр-гүр», «бип-бип».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Ұнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына машинаға отыралық, деп тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана, келісіп, орындықтарға жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, машина бастайды, Гүр-гүр, бип-бип, Ән айтып біз қостайық», -деп, «Машина» әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді.	Балалар «гүр-гүр», бип-бип сөздерін қайталауға тырысады. Машинада отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: <i>«Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай»</i> (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп «Қояндар мен аю» ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбаңбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Музыка жетекшісі машинаға отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен машинамен балабақшаға оралады. «Машина» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Машина қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар машинаға отырып, жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Құл бұлғап, қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : машина туралы ұғынып, білуі керек.
Иегерді: машинаға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимы

Мерзімі: 1,8-қараша 2021 ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Паровозбен саяхат»

Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолдарына көрнекі құралдар: паровоз макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі.

Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пыш-пыш», «пух-пух», «у-у-у».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Ұнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, -деп паровоз макетін көрсетеді. <i>«Пойызға бірге барайық, Вагоннан орын алайық»,</i> - деп «вагондарға»— тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуаана, клісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық», -деп, «Паровоз» әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді пойыздан» түсіп, қысқ орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды ұстап тұрып: <i>«Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын»,</i> -дейді. -Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деп ұсынады. —«Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтып қуантайық. «Сұр қоян» әнін(музыкасы А.Филиппенко, сөзі К.Ұбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Балалар қоянды көріп, қуанады. Қоянды ұстап, сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: <i>«Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай»</i> (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп «Қояндар мен аю» ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбаңбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық -түзетушілік	-Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Құл бұлғап, қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Иегерді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасау

Мерзімі:	<u>15,22,29-қараша 2021 ж.</u>
Білім беру саласы:	Шығармашылық
Бөлімі:	Музыка
Тақырыбы:	«Доп»
Мақсаты:	музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.
Көрнекілік:	доп.
Сөздік жұмыс:	доп, секеңдеу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуеніне ілесе қимылдар жасайды. Доп Шаршамайсың, шалдықпайсың, доп қалай? Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыққанда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссең дағы батпайсың. (Р.Тышқанбаев)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, музыка залына келеді. Әуенге сай қимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдер ме? Допты жерге ұрсаң, өзіңе қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір-біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады. Музыка тыңдау «Доп» (музыкасын жазған Т.Ломов). - Музыка қалай ойналады? Тез, көңілді, жеңіл. Балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. Ән айту: «Доп» (Б.Қыдырбек, А.Асылбек). Өткен сабақта айтылған әндерді қайталау. «Шар», «Сылдырмақ» әндерін еске түсіріп, айту. Ән айтар алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту. Әннің мәтінін үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен қимылдар жасап, жалғастыру. Ойын: «Допқа кім тез жетеді?» Музыка ойналғанда музыка жетекшісі допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады.. Ойын бірнеше рет қайталанады. Қимылды-ырғақты қозғалыс: «Кішкентай би» (музыкасын жазған Н.Александрова). Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету.	Балалар жауап береді. Балалар музыка жетекшісінің айтқанын қайталайды. Балалар өткен әндердің мәтінін естеріне түсіріп, әнді орындайды. Әнді көңіл қоя үйренеді, «жай» деген жерінде дыбысты жай шығарып, «қатты» деген жерінде дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан қуады. Кім тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Қолдарын белдеріне ұстап, шеңбер жасап тұрады. Музыка ойналғанда екі қадам алға аттап, үш рет аяқты топылдатады. Екі қадам артқа шегініп, үш рет аяқты топылдатады. Екеуден қол ұстасып жай айналады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренуді.

Мерзімі: 6,13-желтоқсан 2021 ж.

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Күн дидагриялық Қазақстан»

Мақсаты:музыканы тыңдау, сзіну, сипатын ажырату, динамикасын білу.

Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.

Көрнекілік: ноталар, нота сызықтары.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзақ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды « Менің елім » әнімен қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қырларын Жүр, аралап келейік!-деп ақын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты. Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін отырып тыңдайық (ұнтаспадан тыңдайды). -Әнді кім жазады? Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.	Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады. Композитор
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». -Қандай ноталар болады? -Ән қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Л.Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Б.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірілмей текшелер таратады. (Нота сызықтары мен ноталар). Соль, фа, ми, ре, до, до, ре, Ән саламыз өз-ге-ше,-деп, әндетіп, күйсандықта тартады. -Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. -Ең жоғарғы нотадан басталды? Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар. Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырыңдар. Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).	Балалар ноталарды есіне түсіреді. Қысқа. Ұзақ. Жеті нотадан тұрады. Балалар үлестірілмей текшелерді алып, жаттығуды тыңдайды. Жоғарыдан төменге Сольдан кейін фа, ми, ре, до фа, ми, ре, до Дауы жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді. Сызықтарға дұрыс орналастыруға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ән үйрену: «Қазақстан - Отаным» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап үйренуді ұсынады. Ұлдардың қимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді. -Айтқан әндерің ұнады ма? -Ол әнді қай композитор жазды? Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.	Балалар ауызды дұрыс ашуға, айғайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді. Биді есіне түсіріп, қайталайды. Балалар тыңдаған шығарманы еске түсіреді. Ең әдемі И.Нүсіпбаев

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.

Игереді: ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.

Меңгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Мерзімі: 20,27-желтоқсан 2021ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация- лық- қозғаушы- лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл жыры», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық- түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі.

Мерзімі: 10.17- қаңтар 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Аяз ата мен ақша қар»

Максаты: музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтары жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.

Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш; қыс көрінісі бейнеленген сурет.

Сөздік жұмыс: қыс, шырша, аққала

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды алаңға «Қыс қызығын» ойын-сауығына шақыру. Жетекші : Қыс қызығы басталды Ойнап асыр салайық. Сазды әуен мәнерлеп, Ырғақты әнге салайық. Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» Балаларды шеңберге тұрғызып, әндете жүріп бубенді үлестіреді. Бірімізге-біріміз Бубенді үлестіреміз. Кімге келіп тоқтаса Би ырғағын көрсетсін. Әуен тоқтағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шартын түсіндіреді. -Біз бубенді ырғақпен соғамыз, ал сен ырғақты бұзбай билеп бересің. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас, т.б.ұрмалы аспаптарыды үлестіріп береді. Біз ырғақты қағамыз, Бір, екі, үш, төрт, Жылдамдатып соғамыз, Тез-тез, тез-тез, тез-тез, Жай, жай, жай, жай. Токтат, токтат ырғақты, - деп бірнеше бала қайталайды. Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «Аққала көмекке шақырады» «Қояндар жарысқа шақырады». Күлдіргіш балалармен аяғына дейін бірге ойнайды.	Балалар ойын-сауыққа көңілдене шығады. Балалар бубенді әндете жүріп үлестіруге тырысады. Ортаға шыққан бала ырғақты тыңдап, би қимылдарын есіне түсіруге талпынады. Балалар аспаптарды қолдарына алады. Ұрмалы аспаптармен ырғақты қайталап соғуға тырысады. Балалар шақырған кейіпкерлерді естеріне түсіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	«Шаңғы тебеміз» (Е.Тилисеева) ән жаттығуымен Аққала көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Қояндар». «Қыс» (Б.Жүсібаев, А.Асылбек) әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ән: «Айнала ақша қар». Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар (педагогтер) қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады. Ойын: «Көңілді ырғақ». Қоян дирижер рөлінде. Ырғақ пен өлшемге арналған ойын. Жай бірте-бірте жылдам және тез ырғақ. «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) әнін қайталау.	Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. «Үш аю» ертегісін естеріне түсіреді. Балалар ырғақты тыңдайды. Балалар жаттығуды айтып қояндарға барады, үйренеді. Дирижерға қарап, қызығушылықпен қатысады. Қимылдарының ырғағы мен өлшемін ажыратуға талпынады. Балалар әнді мәнерлеп айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	-Балалар, сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар? -Кімдерді кездестірдіңдер?	Қыс қызығы мерекесіне. Аю, аққала, қоян, күлдіргіштерді.

. Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды. Текшемен жұмыс жасауды.

Менгереді: музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру)

Мерзімі: 24,31-қаңтар 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз»

Мақсаты: көңілді шат-шадман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру.

Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.

Көрнекілігі: кішкентай шырша, ойыншықтар, қар.

Сөздік жұмыс: аппақ қар, шырша.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивация лық қозғаушы- лық	Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. -Ал, балалар, балалар, секіріңдер ойнаңдар, тізе бүгіп кезек-кезек, қол шапалақтаңдар.	Балалар еркін жүріп залға кіреді. Әуенді тыңдап, қосыла қимылдар жасауға талпынады, секіреді, тізе бүгеді, қол шапалақтайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, қараңдаршы, біз қайда келдік? Қандай әдемі шыршамыз, шыршада ойыншықтар бар екен. <i>«Шыршамыз, шыршамыз, Ән тыңдайық бәріміз»</i> «Шыршамызға арнаймыз» әні (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі К.Шалқаров). Педагог қолына ақ қар алып, шырша артынан домалатады. -Балалар, мынау не домалап келген?(Қолына алып). Егерде ән салып берсеңдер, қар сендерді орманға алып барамын дейді, ол жақта қар көп жауыпты, - деп, балаларды әндете шыршының басына шақырады. «Қаршақыз бен балалар» (музыкасы мен сөзі Г.Абдрахманова). <i>«Келіңдер, келіңдер, Аппақ қарға жетіңдер»</i> -деп, балаларға қарларды ұсынады. Әнді айтып, би қимылдарын көрсетеді, үйретеді. Балаларға шырша түбіне барып, аппақ қарды жинауды ұсынады. <i>«Қолымызға ұстайық, Жинайықшы тездетіп»</i> -деп, шырша түбінде шашылған қарларды музыка ырғағымен жинауды үйретеді. -Балалар, аппақ қар бізді «Дәлдеп ұр» ойынына шақырып тұр. <i>«Келіңдер, келіңдер, Дәлдеп ұрып көріңдер»</i> «Дәлдеп ұр» ойыны. Жетекші балаларды екі топқа бөліп, бірін бірі дәлдеп ұруды үйретеді.	Балалар мұхият қарайды. Шыршаны айнала жүреді. «Шырша» әнін тыңдайды. «Қар» , - деп жауап беруге тырысады. Балалар шыршаның қасына келіп, қарды ұстап көреді. Балалар әуенді тыңдап, билеуге тырысады. Балалар әнді көңілдене тыңдайды, шыршаға жақындап, шашылған қарды музыкамен жинауға тырысады. Балалар бірін бірі дәлдеп ұруға тырысады.
Рефлексия лық- түзетуші- лік	-Балалар, сендер керемет ән айттыңдар, биледіңдер, әсіресе шырша түбіндегі аппақ қар сендерге қатты риза болды. Келесі жолы тағы да қайталап, ән саламыз, билейміз. Ойын ойнаймыз. Сау болыңдар!	Балалар ризашылығын білдіреді. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл- әрекетін жасай білуі керек.

Иегерді: музыка ырғағымен аппақ қарды ұстауды, лақтыруды, дәлдеуді игереді.

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, отыру, жүгіру, жүру, тұру дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 7,14- ақпан 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Орманда серуендейміз»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушылық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрінен естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсындар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуесін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 21,28-ақпан 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Қысқы әуен»

Мақсаты: тыңдау ынтасын арттыру, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.

Көрнекілік: үстел үстінде жұмбақ жаттығуға арналған баспалдақ, баскиім, мұрын, сыпырғыш.

Сөздік жұмыс: аппақ, Аққала, топ бала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз»(Г.Абдрахманова) әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады. Үстел үсті театры арқылы шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады. Тауда туып, тауда өскен Шырша келді ортаға. Әдемілеп біз ілген Ойыншықтар тізілген.	Балалар амандасады, жайғасады. Балалар шыршаға қарайды, таңғалады. Шыршаны, ойыншықтарын көрсетеді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка тыңдау: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала». әнін тыңдайды. Ән үйрену: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала» әнін орындап береді. 1-шумағында шыршаны айналады. 2- шумағында жақындайды. 3- шумағында алақанды шапалақтайды, қол көтереді, билеп үйренеді. Жетекші балаларға шыршада ілінген ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық, торғай, күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- деп сұрайды. Мысық қалай дыбыстайды? Торғай қалай дыбыстайды? Күшік қалай дыбыстайды? Егерде дұрыс дыбыстасандар, ойыншықтар ілініп тұрады. Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді. «Ойын ойнап көрейік, Жүгірейік, жүрейік. Егер қасқыр ұлыса, Жылдам қашып кетейік», - деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. Музыкалық-ырғақтың қимылдар: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала». Ойын: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?»	Балалар әнді мұхият тыңдайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады. Ойыншықтарға қарап жауап береді. Мысық Мияу-мияу Шик-шик Әуеп-әуеп Балалар ілесе жүріп, қасқырдың ұлыған даусын естіп, тығылуға тырысады. Бидің қимылын жасауға тырысады. Балалар ойынға қызыға кіріседі.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі жолы тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!- деп мадақтайды.	Балалар қуана қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.

Иегерді: жасырынуды, қашуды, алдауды.

Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

Мерзімі: 14-наурыз 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Наурыз-жыл басы».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

Мерзімі: 28-наурыз 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Армысың, Наурыз».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

Мерзімі: 4,11 - сәуір 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»

Мақсаты: дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Өнді орындауға баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік, баскиімдер, көңілді текше.

Сөздік жұмыс: сырт-сырт, зың-зың, асатаяқ, тайтұяқ.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-козғаушылық	Балаларды К.Қуатбаевтың « Бөбектер биі » әуенімен қарсы алу: балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау. <i>Сәлем, сәлем, балақай!</i> <i>Ән айтамыз, би билейміз, алақай!</i> « Орман шуы » әуені тыңдалады. <i>Күн күледі, жадырайды,</i> <i>Құстар келіп сайрайды.</i> <i>Кел, балалар, келіңдер,</i> <i>Ертегіге еніңдер!</i> -Балалар, қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз, қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз. Арықтан аттаймыз, алысқа қараймыз.	Балалар залға қатарласып, аяқ ұшымен кіруге үйренеді, қатарласып тұрады. Құстардың сайраған дыбысын тыңдайды. Шеңбер бойымен жүреді, Ұшады, қанаттарын қағады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды. « Шашу » әуенімен (Е.Брусиловский) ортаға тауық келеді. -Балалар, біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз. « Тайтұяқ пен Асатаяқ » (музыкасын жазған А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды. -Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Өнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қоб. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. « Шөжелерім » (Г.Гусейнли, Н.Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарына үйрету. Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» сыйлаймын. « Көңілді текше » ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.	Балалар отырып, тыңдайды. Балалар әнді қызыға тыңдайды. Балалар жауап береді. Балалар аспаптарды алып, ұруды, қағуды, әнді қосыла айтуды үйренеді. Балалардың тығылудан эмоциялары оянады, қашады. Би қимылдарын жасауға талпынады. Балалар текше суреттеріне қарап, аң, жануарларды есіне түсіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, біз бүгін қайда бардық? -Нені кездестірейік? -Таусық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!	Балалар тоғайға барғанына, көргендеріне риза болады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембрін айыруды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

Мерзімі: 18,25- сәуір 2022ж.

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр».

Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілігі: күн, бұлт суреттері, қолшатыр.

Сөздік жұмыс: күн, жаңбыр, қолшатыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: «Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды.	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Жетекші: -Балалар, сендер не көріп тұрсындар? Кәне, бәріміз Күнге жакындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Ұнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі.. -Балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл – қозғалыстар жасауды ұсынады. -Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойнағанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады. «Жапырақтар» әнін қайталап айтуға шақырады. «Күн» (М.Т.Потапенко) (Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (музыка Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.	Балалар жауап береді. Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады. Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады. Балалар әнді еркін қимылдап айтуға талпынады. Балалар тыңдап, ойнауға тырысады.
Рефлексия- лық- түзетушілік	-Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.	Балалар Күнге қол бұлап, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игерді: музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді: көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

Мерзімі: 16-мамыр 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Достық»

Мақсаты: Балалардың достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілік: «Менің досым» - балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.

Сөздік жұмыс: татулық, достық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка зылында көңілді қарсы алады. Амандасады. - Амансыңдар ма, достарым? Сендерді көргеніме қуаныштымын! Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң. Балақай! - Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жақса үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Біз бір-бірімізбен татумыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішейіз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар. Ән тыңдау: «Достық» (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев) - Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз» (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова) - Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады. Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (музыкасын жазған .Тоқсанбаев). Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендетіп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шырқөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балаларды ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуенімен ілесіп, қимылдар жасайды. Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесі топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық, достық түсініктерін

Менгереді: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын

Мерзімі: 23,30- мамыр 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.

Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілік: ұлттық киіммен билеп жүрген қыздың суреті.

Сөздік жұмыс: жалығу, жабығу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка зылына келген балаларды көңілді қарсы алу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жан! Армысың, көк аспан! Армысың, жер ана! Армысың, жан досым! Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым бос.	Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка залына келеді. Амандасады. Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, өлеңде кім туралы айтылып отыр? Биді кім билейді? Теледидардан, түрлі концерттерден, өздерінің араларыңнан бишілерді көріп жүрсіндер. Сәнді киім киіп, түрлі биді билейтін адамдарды биші деп атайды. Сендердің де билегілерің келе ме? Музыка тыңдау: «Би» (Е.Андосов). - Музыканы ести отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарыңа елестеттіңдер ме? Ырғаумен алақанды соғуға, аяқты топылдатуға, атқа шапқан секілді шабуға, серппелі отыруға болады. Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталау. Ән үйрену: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). - Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты. Бұл әнде баланың билемей отырған досын биге шақыратыны жайлы айтылады. Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп, риза болуын қалайды. Музыка жетекшісі әннің мәтініне мән бере орындап, әуенін үйретеді. Әуенді-ырғақты қимыл: Қандай? «Қосарланып билеуді» жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді.	Биші. Би және биші туралы білгендерін айтады. Музыканы тыңдай отырып, бұл музыкаға қандай қимылдар жасауға болатынын айтуға тырысады. Әннің мәтінін үйреніп, әуенді қосылып айтады. Ән ырғағына сай қимылдар жасайды. Қайырмасында аяқты өкшеге, ұшына қойып, 3 рет топылдатады. Екінші шумағында бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтайды. 3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді

Игереді: іркілмейік, жалығу, жабығу деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды.

Меңгереді: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

Кіші «Бүлдіршін» тобының тақырыптық жоспары

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: Музыка

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту.

Айы	Оқу іс – әрекетенің тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	«Әлди-әлди ,ақ бөпем»+	1
	«Қулыншақ»+	1
		1
		1
Қазан		1
	«Әуенді сандықша»+	1
	«Машина»+	1
		1
Қараша		1
	«Паравозбен саяхат»+	1
	«Доп»+	1
		1
Желтоқсан	«Күн дидарлы Қазақстан»+	1
		1
		1
	«Келді міне Жаңа жыл»+	1
Қаңтар	«Аяз ата мен Ақша қар»+	1
		1
		1
	«Шыршамызға арнаймыз»+	1
Ақпан	«Орманда серуендейміз»+	1
	«Қысқы әуен»+	1
		1
		1
Наурыз	«Наурыз жыл басы»+	1
		1
	«Армысың Наурыз»+	1
		1
Сәуір	«Тауық пен балапан»	1
	«Күн мен жаңбыр»+	1
		1
		1
Мамыр	«Достық»+	1
		1
		1
	«Кел, билейік!»+	1
Барлығы:		36

Мерзімі: 7,14- қыркүйек 2021ж

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Әлди-әлди, ақ бөпем»

Мақсаты:«Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: қуыршақ, бесік, бала тербетіп отырған бала.

Сөздік жұмыс: бесік, әлди-әлди.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялы- қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қ «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем», - деп бесікті тербетіп әндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім, Ақ бесікке бөледім. Аймен күнге теңедім, Ақтарылған өлеңім.	Балалар баяу дауыспен әндетіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады. Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка жетекшісі балаларға бесікті таныстырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынынан мәлімет береді.. « Ұйықта , бөпем » (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек). Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей, жай жүріп, жай сөйлеу керектігін түсіндіру. « Қуыпшақпен ойын ». Балаларға қуыршақ беріп, олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды. Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2-3 рет қайталанады.	Балалар әнді тыңдайды. Бесікті кезек-кезек тербетіп, жәй дауыспен «әлди-әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштық сақтап, сыбырлай сөйлеп, көп қимыл жасамайды. Балалар қуыршақты алдарына алып, әлдилейді. Музыка өзгергенде балалар қуыршақтарын көтеріп, бірге билеуге әрекет жасайды..
Рефлексиялық- түзетушілік	Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Қорытындылау, балаларды мадақтау.	Балалар жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі :бала ұйықтар алдында «Әлди-әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игерді: «бесік», « қуыршақ», «әлди-әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді: қуыршақпен биледі, ұйықтатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 21,28- қыркүйек 2021 ж

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Құлыншақ»

Мақсаты:балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылын жасай білуге үйрету.

Қолданылатын

көрнекі құралдар:ботаның макеті, ойынға арналған таяққа кигізілген аттың басы, ат, құлын.

Сөздік жұмыс: түйе, бота, ат, құлыншақ, бәйге..

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды музыка залына көңілді әуенмен кіргізу. - Балалар, бүгін сендерді түйенің төлі кішкене ботақан күтіп отыр (суретін көрсетеді). Қане, бәріміз ақ тайлақпен сәлемдесіп, жүруді, жүгіруді көрсетейік. Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйрету. - Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескерту.	Балалар әуенді ести отырып, қимылдар жасайды. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Ал, балалар, қазір кішкенттай ботақанға арнап «Ақ тайлақ» әнін орындап берейік, алдымен сендер мені тыңдаңдар, сонан соң сендер орындап бересіңдер, жарай ма? Ән үйрену: «Құлыншық» (балармен бірге қосылып орындау). -Бота қалай дыбыс шығарады? - Балалар, кішкене ботақан сендермен бірге «Бәйге» ойынын ойнауды өтініп отыр. Ойнаймыз ба? Олай болса, «бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар. - Ал келіндер, келіндер, Мені қуып жетіндер. – деп, ойынға шақыру. Ал қанекей, қашыңдар, Тез-тез аяқ басыңдар, - деп балаларды кішкене бота қуа жөнеледі. Балалардың көңіл күйіне қарай отырып ойынды қайталау.	Музыканы тыңдайды. Балалар ботамен бірге жүреді, жүгіреді, аяқтарын көтеріп жүруге талпынады. Қол шапалақтайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен ботадан қашуға тырысады. Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, бізге бүгін кім келді? - Ботадан басқа қандай үй жануарларын білесіңдер? Балалардың жүрісіне, жүгірісіне ризашылығын білдіру. Бота: «Балалар, мен сендерге ризамын, сендер мен сияқты өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар.	- Қуыршақ кішкене бота келді. - Қозы, бұзау, лақ... Балалар ботамен қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге сай қимыл жасауды, үй жануарлардың төлдерін атауды.

Игереді: музыканы тыңдап, ботамен билеуді, ойнауды игереді

Меңгереді: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, жануарлардың қимыл қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 5,12 -қазан 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Әуенді сандықша»

Мақсаты: әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.

Көрнекілік: барабан

Сөздік жұмыс: соқ-соқ, доң-доң.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациял ық- қозғаушылы қ	Көңілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады. Балалар санына сай түсті шарларды дайындау.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып айналады. Тізені бүгіп серіппелі қимылдар жасайды. Қуыршақты қызықтайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалардан ойыншықтар туралы сұрау. Ал енді осы ойыншықтар туралы ән тыңдаймыз. Ән айту: «Ойыншықтар». Енді өткен сабақта үйренген «Кір қуыршақ» әнін еске түсіреміз. Әнді алдымен әуенімен еске түсіріп, содан кейін сөзін қайталату. Ән айту кезінде дауысты дұрыс шығаруы, бірін-бірі тыңдап айтуы қажет. Балалар қолдарындағы барабандарды кезек-кезек көтереді. Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып айтулары қажет. Алдымен әуенді бірнеше рет қайталайды. Одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі. Ойын: «Өз түсінді тап» Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әнді тыңдай отырып қолдарын көтереді. Әннің әуенін дұрыс тыңдап, таза айтуға тырысады. Әннің екі жолын үйренеді, әуен есте қалған кезде келесі екі жолын үйренеді. Артынан шумақты түгел айтады. Әнді айғайламай айтуға тырысады. Әнді бірге айтуға тырысады. Балалар залда еркін қимылдар жасап, өз түстеріне лайық машиналарын табуға тырысады. Музыканы тыңдай жүріп, музыка аяқталғанда тез жиналуға әрекеттенеді.
Рефлексия- лық-түзету- шілік	Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды.

Игереді: түстерді ажырата білуді.

Меңгереді: музыка әуенімен еркін жүгіріп, музыка тоқтағанда өз түстерін таба білу дағдыларын дамытуды.

4 .Мерзімі: 19,26 - қазан 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Машина»

Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.

Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолдарына көрнекі құралдар: машина макеті.

Сөздік жұмыс: машина, «гүр-гүр», «бип-бип».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Ұнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста , орманда тұрады, -деп түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына машинаға отыралық, деп тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана, келісіп, орындықтарға жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, машина бастайды, Гүр-гүр, бип-бип, Ән айтып біз қостайық», -деп, «Машина» әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді.	Балалар «гүр-гүр», бип-бип сөздерін қайталауға тырысады. Машинада отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: «Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай» (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме ,балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысыме балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп «Қояндар мен аю» ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбанбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Музыка жетекшісі машинаға отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен машинамен балабақшаға оралады. «Машина» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Машина қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар машинаға отырып, жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды.Құл бұлғап, қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : машина туралы ұғынып, білуі керек.

Иегерді: машинаға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасайды.

Мерзімі: 2,9- қазан 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Паровозбен саяхат»

Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.

Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолдарына көрнекі құралдар:паровоз макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі.

Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пыш-пыш», «пух-пух», «у-у-у».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Ұнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста , орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, -деп паровоз макетін көрсетеді. <i>«Пойызға бірге барайық, Вагоннан орын алайық»,</i> - деп «вагондарға»– тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуаана, клісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық», -деп, « Паровоз » әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді пойыздан» түсіп, қысқ орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, « қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды ұстап тұрып: <i>«Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын»,</i> -дейді. -Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деп ұсынады. —«Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтып қуантайық. «Сұр қоян» әнін(музыкасы А.Филиппенко, сөзі К.Ұбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Балалар қоянды көріп, қуанады. Қоянды ұстап,сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп,қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбанбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: <i>«Мен аюмын қорбанбай, Қимылдаймын қорбандай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай»</i> (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме ,балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысыме балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп « Қояндар мен аю » ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбанбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстард орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық -түзетушілік	-Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын , бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып» , жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды.Құл бұлғап , қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Иегерді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасау

Мерзімі:16,23,30- қазан 2021 ж

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі:Музыка

Тақырыбы:«Доп»

Мақсаты: музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.

Көрнекілік:доп.

Сөздік жұмыс:доп, секеңдеу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Шенбер бойымен жүріп, музыка әуеніне ілесе қимылдар жасайды. Доп Шаршамайсың, шалдықпайсың, доп қалай? Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыққанда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссең дағы батпайсың. (Р.Тышқанбаев)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, музыка залына келеді. Әуенге сай қимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдер ме? Допты жерге ұрсаң, өзіңе қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір-біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады. Музыка тыңдау «Доп» (музыкасын жазған Т.Ломов). - Музыка қалай ойналады? Тез, көңілді, жеңіл. Балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. Ән айту: «Доп» (Б.Қыдырбек, А.Асылбек). Өткен сабақта айтылған әндерді қайталау. «Шар», «Сылдырмақ» әндерін еске түсіріп, айту. Ән айтар алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту. Әннің мәтінін үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен қимылдар жасап, жалғастыру. Ойын: «Допқа кім тез жетеді?» Музыка ойналғанда музыка жетекшісі допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады.. Ойын бірнеше рет қайталанады. Қимылды-ырғақты қозғалыс: «Кішкентай би» (музыкасын жазған Н.Александрова). Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету.	Балалар жауап береді. Балалар музыка жетекшісінің айтқанын қайталайды. Балалар өткен әндердің мәтінін естеріне түсіріп, әнді орындайды. Әнді көңіл қоя үйренеді, «жай» деген жерінде дыбысты жай шығарып, «қатты» деген жерінде дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан қуады. Кім тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Қолдарын белдеріне ұстап, шеңбер жасап тұрады. Музыка ойналғанда екі қадам алға аттап, үш рет аяқты топылдатады. Екі қадам артқа шегініп, үш рет аяқты топылдатады. Екеуден қол ұстасып жай айналады.
Рефлексия- лық- түзету- шілік	Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренуді

Мерзімі: 7,14- желтоқсан 2021ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Күн дидагриясы Қазақстан»
Мақсаты: музыканы тыңдау, сзінуды, сипатын ажырату, динамикасын білу.
 Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.
Көрнекілік: ноталар, нота сызықтары.
Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.
Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзақ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Менің елім» әнімен қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қырларын Жүр, аралап келейік!-деп ақын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты. Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін отырып тыңдайық (ұнтаспадан тыңдайды). -Әнді кім жазады? Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.	Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады. Композитор
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». -Қандай ноталар болады? -Ән қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Л.Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірілмей текшелер таратады. (Нота сызықтары мен ноталар). Соль, фа, ми, ре, до, до, ре, Ән саламыз өз-ге-ше,-деп, әндетіп, күйсандықта тартады. -Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. -Ең жоғарғы нотадан басталды? Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар. Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырыңдар. Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).	Балалар ноталарды есіне түсіреді. Қысқа. Ұзақ. Жеті нотадан тұрады. Балалар үлестірілмей текшелерді алып, жаттығуды тыңдайды. Жоғарыдан төменге Сольдан кейін фа, ми, ре, до фа, ми, ре, до Дауы жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді. Сызықтарға дұрыс орналастыруға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ән үйрену: «Қазақстан - Отаным» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап үйренуді ұсынады. Ұлдардың қимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді. -Айтқан әндерің ұнады ма? -Ол әнді қай композитор жазды? Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.	Балалар ауызды дұрыс ашуға, айғайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді. Биді есіне түсіріп, қайталайды. Балалар тыңдаған шығарманы еске түсіреді. Ең әдемі И.Нүсіпбаев

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.
Игереді: ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.
Меңгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Мерзімі: 21,28 -желтоқсан 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл жыры», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза, -деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Менгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі.

Мерзімі: 11-қаңтар 2022ж.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Аяз ата мен ақша қар»

Мақсаты: музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.

Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш; қыс көрінісі бейнеленген сурет.

Сөздік жұмыс: қыс, шырша, аққала

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды алаңға «Қыс қызығын» ойын-сауығына шақыру. Жетекші : Қыс қызығы басталды Ойнап асыр салайық. Сазды әуен мәнерлеп, Ырғақты әнге салайық. Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» Балаларды шеңберге тұрғызып, әндете жүріп бубенді үлестіреді. Бірімізге-біріміз Бубенді үлестіреміз. Кімге келіп тоқтаса Би ырғағын көрсетсін. Әуен тоқтағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шартын түсіндіреді. -Біз бубенді ырғақпен соғамыз, ал сен ырғақты бұзбай билеп бересің. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас, т.б.ұрмалы аспаптарыды үлестіріп береді. Бііз ырғақты қағамыз, Бір, екі, үш, төрт, Жылдамдатып соғамыз, Тез-тез, тез-тез, тез-тез, Жай, жай, жай, жай. Тоқтат, тоқтат ырғақты, - деп бірнеше бала қайталайды. Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «Аққала көмекке шақырады» «Қояндар жарысқа шақырады». Күлдіргіш балалармен аяғына дейін бірге ойнайды.	Балалар ойын-сауыққа көңілдене шығады. Балалар бубенді әндете жүріп үлестіруге тырысады. Ортаға шыққан бала ырғақты тыңдап, би қимылдарын есіне түсіруге талпынады. Балалар аспаптарды қолдарына алады. Ұрмалы аспаптармен ырғақты қайталап соғуға тырысады. Балалар шақырған кейіпкерлерді естеріне түсіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	«Шаңғы тебеміз» (Е.Тилисеева) ән жаттығуымен Аққала көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Қояндар». «Қыс» (Б.Жүсібалиев, А.Асылбек) әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ән: «Айнала ақша қар». Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар (педагогтер) қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады. Ойын: «Көңілді ырғақ». Қоян дирижер рөлінде. Ырғақ пен өлшемге арналған ойын. Жай бірте-бірте жылдам және тез ырғақ. «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) әнін қайталау.	Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. «Үш аю» ертегісін естеріне түсіреді. Балалар ырғақты тыңдайды. Балалар жаттығуды айтып қояндарға барады, үйренеді. Дирижерға қарап, қызығушылықпен қатысады. Қимылдарының ырғағы мен өлшемін ажыратуға талпынады. Балалар әнді мәнерлеп айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	-Балалар, сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар? -Кімдерді кездестірдіңдер?	Қыс қызығы мерекесіне. Аю, аққала, қоян, күлдіргіштерді.

. Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды. Текшемен жұмыс жасауды.

Меңгереді: музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру)

Мерзімі: 18,25 - қаңтар 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз»

Мақсаты: көңілді шат-шадман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру.

Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.

Көрнекілігі: кішкентай шырша, ойыншықтар, қар.

Сөздік жұмыс: аппақ қар, шырша.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивация лық қозғаушы- лық	Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. -Ал, балалар, балалар, секіріңдер ойнаңдар, тізе бүгіп кезек-кезек, қол шапалақтаңдар.	Балалар еркін жүріп залға кіреді. Әуенді тыңдап, қосыла қимылдар жасауға талпынады, секіреді, тізе бүгеді, қол шапалақтайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, қараңдаршы, біз қайда келдік? Қандай әдемі шыршамыз, шыршада ойыншықтар бар екен. <i>«Шыршамыз, шыршамыз, Ән тыңдайық бәріміз»</i> «Шыршамызға арнаймыз» әні (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі К.Шалқаров). Педагог қолына ақ қар алып, шырша артынан домалатады. -Балалар, мынау не домалап келген?(Қолыңа алып). Егерде ән салып берсеңдер, қар сендерді орманға алып барамын дейді, ол жақта қар көп жауыпты, - деп, балаларды әндете шыршының басына шақырады. «Қаршақыз бен балалар» (музыкасы мен сөзі Г.Абдрахманова). <i>«Келіңдер, келіңдер, Аппақ қарға жетіңдер»</i> -деп, балаларға қарларды ұсынады. Әнді айтып, би қимылдарын көрсетеді, үйретеді. Балаларға шырша түбіне барып, аппақ қарды жинауды ұсынады. <i>«Қолымызға ұстайық, Жинайықшы тездетіп»</i> -деп, шырша түбінде шашылған қарларды музыка ырғағымен жинауды үйретеді. -Балалар, аппақ қар бізді «Дәлдеп ұр» ойынына шақырып тұр. <i>«Келіңдер, келіңдер, Дәлдеп ұрып көріңдер»</i> «Дәлдеп ұр» ойыны. Жетекші балаларды екі топқа бөліп, бірін бірі дәлдеп ұруды үйретеді.	Балалар мұхият қарайды. Шыршаны айнала жүреді. «Шырша» әнін тыңдайды. «Қар», - деп жауап беруге тырысады. Балалар шыршаның қасына келіп, қарды ұстап көреді. Балалар әуенді тыңдап, билеуге тырысады. Балалар әнді көңілдене тыңдайды, шыршаға жақындап, шашылған қарды музыкамен жинауға тырысады. Балалар бірін бірі дәлдеп ұруға тырысады.
Рефлексия лық- түзетуші- лік	-Балалар, сендер керемет ән айттыңдар, биледіңдер, әсіресе шырша түбіндегі аппақ қар сендерге қатты риза болды. Келесі жолы тағы да қайталап, ән саламыз, билейміз. Ойын ойнаймыз. Сау болыңдар!	Балалар ризашылығын білдіреді. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл- әрекетін жасай білуі керек.

Игерді: музыка ырғағымен аппақ қарды ұстауды, лақтыруды, дәлдеуді игереді.

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, отыру, жүгіру, жүру, тұру дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 1,8- ақпан 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсындар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 15,22 - ақпан 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: тыңдау ынтасын арттыру, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.

Көрнекілік: үстел үстінде жұмбақ жаттығуға арналған баспалдақ, баскиім, мұрын, сыпырғыш.

Сөздік жұмыс: аппак, Аққала, топ бала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз»(Г.Абдрахманова) әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады. Үстел үсті театры арқылы шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға тақпақ айтады. Тауда туып, тауда өскен Шырша келді ортаға. Әдемілеп біз ілген Ойыншықтар тізілген.	Балалар амандасады, жайғасады. Балалар шыршаға қарайды, таңғалады. Шыршаны, ойыншықтарын көрсетеді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка тыңдау: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала». әнін тыңдайды. Ән үйрену: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала» әнін орындап береді. 1- шумағында шыршаны айналады. 2- шумағында жақындайды. 3- шумағында алақанды шапалақтайды, қол көтереді, билеп үйренеді. Жетекші балаларға шыршада ілінген ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық, торғай, күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- деп сұрайды. Мысық қалай дыбыстайды? Торғай қалай дыбыстайды? Күшік қалай дыбыстайды? Егерде дұрыс дыбыстасандар, ойыншықтар ілініп тұрады. Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді. «Ойын ойнап көрейік, Жүгірейік, жүрейік. Егер қасқыр ұлыса, Жылдам қашып кетейік», - деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. Музыкалық-ырғақтың қимылдар: Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев «Аққала». Ойын: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?»	Балалар әнді мұхият тыңдайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады. Ойыншықтарға қарап жауап береді. Мысық Мияу-мияу Шик-шик Әу-әу-әу Балалар ілесе жүріп, қасқырдың ұлыған даусын естіп, тығылуға тырысады. Бидің қимылын жасауға тырысады. Балалар ойынға қызыға кіріседі.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар, бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі жолы тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!- деп мадақтайды.	Балалар қуана қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.

Игерді: жасырынуды, қашуды, алдауды.

Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

Мерзімі: 1 - наурыз 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Наурыз-жыл басы».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

14 .Мерзімі: 15,29 - 2022ж

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Армысың, Наурыз».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі:дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс:жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс–әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

Мерзімі: 5,12 - сәуір 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»

Мақсаты: дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік, баскиімдер, көңілді текше.

Сөздік жұмыс: сырт-сырт, зың-зың, асатаяқ, тайтұяқ.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-козғаушылық	Балаларды К.Қуатбаевтың «Бөбектер биі» әуенімен қарсы алу: балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау. <i>Сәлем, сәлем, балақай!</i> <i>Ән айтамыз, би билейміз, алақай!</i> «Орман шуы» әуені тыңдалады. <i>Күн күледі, жадырайды,</i> <i>Құстар келіп сайрайды.</i> <i>Кел, балалар, келіңдер,</i> <i>Ертегіге еніңдер!</i> -Балалар, қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз, қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз. Арықтан аттаймыз, алысқа қараймыз.	Балалар залға қатарласып, аяқ ұшымен кіруге үйренеді, қатарласып тұрады. Құстардың сайраған дыбысын тыңдайды. Шеңбер бойымен жүреді, Ұшады, қанаттарын қағады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды. «Шашу» әуенімен (Е.Брусиловский) ортаға тауық келеді. -Балалар, біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз. «Тайтұяқ пен Асатаяқ» (музыкасын жазған А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды. -Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қоб. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н.Мұталибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарына үйрету. Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» сыйлаймын. «Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.	Балалар отырып, тыңдайды. Балалар әнді қызыға тыңдайды. Балалар жауап береді. Балалар аспаптарды алып, ұруды, қағуды, әнді қосыла айтуды үйренеді. Балалардың тығылудан эмоциялары оянады, қашады. Би қимылдарын жасауға талпынады. Балалар текше суреттеріне қарап, аң, жануарларды есіне түсіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, біз бүгін қайда бардық? -Нені кездестірейік? -Таусық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!	Балалар тоғайға барғанына, көргендеріне риза болады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембрін айыруды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

Мерзімі: 19,29 - сәуір 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр».

Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілігі: күн, бұлт суреттері, қолшатыр.

Сөздік жұмыс: күн, жаңбыр, қолшатыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: «Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды.	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Жетекші: -Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Ұнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі.. -Балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл – қозғалыстар жасауды ұсынады. -Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойнағанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады. «Жапырақтар» әнін қайталап айтуға шақырады. «Күн» (М.Т.Потапенко) (Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (музыка Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.	Балалар жауап береді. Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады. Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады. Балалар әнді еркін қимылдап айтуға талпынады. Балалар тыңдап, ойнауға тырысады.
Рефлексия- лық- түзетушілік	-Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен коштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.	Балалар Күнге қол бұлап, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игерді: музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді: көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

Мерзімі: 3,17 - мамыр 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Достық»

Мақсаты: Балалардың достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілік: «Менің досым» - балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.

Сөздік жұмыс: татулық, достық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды музыка зылында көңілді қарсы алады. Амандасады. - Амансыңдар ма, достарым? Сендерді көргеніме қуаныштымын! Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң. Балақай! - Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жақса үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Біз бір-бірімізбен татумыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішейіз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар. Ән тыңдау: «Достық» (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев) - Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз» (музыкасын жазған Е.Мендешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова) - Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады. Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (музыкасын жазған .Тоқсанбаев). Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендетіп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шырқөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балаларды ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуенімен ілесіп, қимылдар жасайды. Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесі топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Рефлексия-лық- түзету-шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық, достық түсініктерін

Меңгереді: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын

Мерзімі: 24,31- мамыр 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.

Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілік: ұлттық киіммен билеп жүрген қыздың суреті.

Сөздік жұмыс: жалығу, жабығу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка зылына келген балаларды көңілді қарсы алу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жан! Армысың, көк аспан! Армысың, жер ана! Армысың, жан досым! Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым бос.	Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка зылына келеді. Амандасады. Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, өлеңде кім туралы айтылып отыр? Биді кім билейді? Теледидардан, түрлі концерттерден, өздеріңнің араларыңнан бишілерді көріп жүрсіңдер. Сәнді киім киіп, түрлі биді билейтін адамдарды биші деп атайды. Сендердің де билегілерің келе ме? Музыка тыңдау: «Би» (Е.Андосов). - Музыканы ести отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарыңа елестеттіңдер ме? Ырғақпен алақанды соғуға, аяқты топылдатуға, атқа шапқан секілді шабуға, серппелі отыруға болады. Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталау. Ән үйрену: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). - Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты. Бұл әнде баланың билемей отырған досын биге шақыратыны жайлы айтылады. Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп, риза болуын қалайды. Музыка жетекшісі әннің мәтініне мән бере орындап, әуенін үйретеді. Әуенді-ырғақты қимыл: Қандай? «Қосарланып билеуді» жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді.	Биші. Би және биші туралы білгендерін айтады. Музыканы тыңдай отырып, бұл музыкаға қандай қимылдар жасауға болатынын айтуға тырысады. Әннің мәтінін үйреніп, әуенді қосылып айтады. Ән ырғағына сай қимылдар жасайды. Қайырмасында аяқты өкшеге, ұшына қойып, 3 рет топылдатады. Екінші шумағында бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтайды. 3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді

Игереді: іркілмейік, жалығу, жабығу деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды.

Меңгереді: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

Ортаңғы "Айгөлек - Ақбота" тақырыптық жоспары

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: Музыка

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту.

Айы	Оқу іс – әрекетенің тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	«Біздің балабақша»+	1
		2
	«Әлди-әлди, ақ бөпем»+	1
		2
Қазан	«Күзгі бақта»+	1
		2
	«Күз жомарт»+	1
		2
Қараша	«Күзгі орман»+	1
		2
	«Жомарт өлкем»+	1
		2
Желтоқсан	«Гүлденебер Қазақстан»+	1
		2
	«Келді міне жаңа жыл»+	1
		2
Қаңтар	«Қыс өрнегі»+	1
		2
	«Орманға саяхат»+	1
		2
Ақпан	«Жау, жау, жаңбыр»+	1
		2
	«Самолет»+	1
		2
Наурыз	«Анашым»+	1
		2
	«Армысың, Наурыз»+	1
		2
Сәуір	«Күн мен жаңбыр»+	1
		2
	«Орманда серуендейміз»+	1
		2
Мамыр	«Тату доспыз бәріміз»+	1
		2
	«Болайықшы осындай»+	1
		54

Мерзімі: 1,3,8,10,15- қыркүйек 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Біздің балабақша»

Мақсаты: балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету.

Әнді көңілді, ынталы жеткізу білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: балабақша өмірінен суреттер

Сөздік жұмыс: сайрандаймыз, әдептілік, батылдық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінділер жасату (серіппе, аяқты топылдату, т,б,) Балабақша бағында, Сайрандаймыз таңында. Нақ өзімдей бүлдіршін, Достарым көп жанымда. I.Шұғаев	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, сендер күнде таңертең қайда келесіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер? - Балабақшада болу сендерге ұнай ма? - Балабақшада педагог апайларың өз аналарындай тамақтандырады, ертегі оқып береді, ән-би үйренесіңдер, әдепті, тәртіпті болуға баулиды. Өздеріңе дос тауып, бірге ойнайсыңдар. Енді осы балабақша туралы ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С.Кәрімбаев, I.Шұғаев). - Әнде не туралы айтылған? Өткен сабақта қандай ән айттық? Дұрыс, достық, татулық туралы айтқанбыз. Бірге жүрген достар бір-бірімен тату болуы керек. Біз де бір-бірімізбен татумыз. Ән үйрену: «Бала, бала баламыз» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров). - Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. - Бұл ән де бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, балалар бақытты екенін жырлайды. Балалар қуанышты, бақытты болса, бақша да гүлдей жайнайды. Әнді музыка жетекшісі көңілді жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді-ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні). Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Балалардан ән туралы жауаптар алу. Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады. Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. Қарама-қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.
Рефлексиялық- түзету- шілік	Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Мерзімі: 17,22,24,29 -қыркүйек 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Әлди-әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: «Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: қуыршақ, бесік, бала тербетіп отырған бала.

Сөздік жұмыс: бесік, әлди-әлди.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қ «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем», - деп бесікті тербетіп әндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр», - деп тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім, Ақ бесікке бөледім. Аймен күнге теңедім, Ақтарылған өлеңім.	Балалар баяу дауыспен әндетіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады. Балалар бесікте жатқан сәбиге карап қызығады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка жетекшісі балаларға бесікті таныстырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынынан мәлімет береді.. « Ұйықта , бөпем » (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек). Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей, жай жүріп, жай сөйлеу керектігін түсіндіру. « Қуыршақпен ойын ». Балаларға қуыршақ беріп, олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды. Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2-3 рет қайталанады.	Балалар әнді тыңдайды. Бесікті кезек-кезек тербетіп, жәй дауыспен «әлди-әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштық сақтап, сыбырлай сөйлеп, көп қимыл жасамайды. Балалар қуыршақты алдарына алып, әлдилейді. Музыка өзгергенде балалар қуыршақтарын көтеріп, бірге билеуге әрекет жасайды..
Рефлексиялық-түзетушілік	Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Қорытындылау, балаларды мадақтау.	Балалар жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : бала ұйықтар алдында «Әлди-әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игерді: «бесік», « қуыршақ», «әлди-әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді: қуыршақпен биледі, ұйықтатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

Мерзімі: 1,6,8,13,15 - қазан 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі бақта».

Мақсаты: ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: себет, алма, алмұрт, кияр, сәбіз, муляждарын дайындау.

Сөздік жұмыс: алма, алмұрт, кияр, сәбіз, тәтті, қатты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдеседі. Шеңбер бойына шақырады. «Жүгіреміз, жүреміз» Әуенді қимылымен жүруге шақырады. Балаларды отырғызып, дайындалған сурет, муляждарды көрсетеді, ұстанады, қандай жеміс екенін сұрайды. «Жемістерді тереміз, Көкеністі жинаймыз. Алақай – ау, алақай, Күзгі бақта ойнаймыз», - деп әндете балаларды қызықтырады.	Балалар залға кіріп, сәлемдеседі. Балалар ілесе жүгіруге талпынады. Жайғасып отырады. Муляждарды ұстап көреді, қызығады, атап айтуға тырысады. Қызығады, әнді тыңдайды.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкеністер» әнін орындап береді. Жетекші муляждарды кезек – кезек көрсетіп: «Алма – ля-ля-ля, Алмұрт –ля-ля-ля, Сәбіз –ля-ля-ля» деп айтқызып үйретеді. Созылатын «ал» деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді. «Жемістер мен көкеністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді. Мысалы:»Отырып себетке саламыз, жинаймыз, саусақтармен би билеп, айналамыз» деп, әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін стеріне түсіреді, қайталайды. «Келіндер келіндер, Ойын ойнап көріндер. Жемістерді шашылған. Жылдам жинап беріндер». Әннің мәтініне ілесе отырып, қызыл себетке жемістерді, сарысебетке көкөністерді салып беріндер. Музыка ойналады, балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді.	Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады. Балалар әнді қосыла айтуға тырысады. Созыңқы айтуға талпынады. Көңілді күліп айтады. Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып отырып, жинауға, салуға тырысады. Балалар әнді есіне түсіріп, айтуға тырысады. Балалар ойынға белсене қатысып, жемістерді жинайды. Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар, сендерге ән ұнады ма? Жемістерді жылдам атап беріндерші? Көкөністерді кім атап береді? Серуенге шыққанда, топта өткен әндерді, ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды, мадақтайды.	«Ұнады» - деп жауап беруге талпынады. Балалар жарысып айтуға таласады. Балалар көңілдене қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.

Иегерді: жемістерді, көкөністерді музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды, тыңдауды иегереді.

Меңгереді: әнді айтып, мәтініне қарай қимылдарды қайталап, эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

Мерзімі: 20,22,27,29 - қазан 2021ж

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы:«Күз-жомарт»

Мақсаты: музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс)

түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау

Көрнекілік: бейнетаспа, опера үзінділері; ұнтаспа, желпуіш.

Сөздік жұмыс: көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотива- циялық- қозғау- шылық	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, Амандасады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (до, ре, ми, фа, соль, ля, си)	Балалар қатармен кіреді, тұрады. Сәлеметсіз бе? (фа,фа, ми, ре, до)
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Өн тыңдау: «Тамшылар» (М.Жауітқов). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарна жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!» Бұл ойын балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. Балаларды зал бойымен жеке-жеке төрт қатарға тұрғызады, өз орындарын, кімнің артында, кімнің алдында екенін көріп алулары керек. Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!»-деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді. Бұл тапсырманы ойын ретінде залға келген сайын ойнатып үйретсе, балалар еркін тұруға қалыптасады. «Өз жұбыңды тап!» ойыны да осылай ұйымдастырылады. Төрт, болмаса, үш қатарға жұппен тұрғызылады., әрі қарай ойын дәл солай жалғастырылады. «Музыка бояулары» ойынында балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минорлардымен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз. Балаларға интерактивті такта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді; вальс, полька, марш, қазақ биін. Опера және балет театрының бейнетаспасынан үзінділерді тыңдайды., көреді. Жанр түрлерін қайталап айтқызады, үйретеді. Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан құралатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар-көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды.	Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшы қимылдарын жасауға талпынады. Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұруға тырысады. Балалар мұқият тыңдайды, отырады. Балалар еркін ойнауға тырысады. Өз орындарын еске сақтауға талпынады. Балалар өз жұптарын білуге, есте сақтауға тырысады. Балалар би түрлерін тамашалайды. Вальс, полька, марш, қазақ битүрлерін айтуға талпынады. Балалар педагогтің қолына қарап, оң қолдарымен жоғары-төмен, көтеріңкі-баяу жаттығуларын жасауға тырысады.

	Музыка тыңдау: 1. Е.Брусиловский «Би»; 2. М.Глинка «Полька»; 3. Қазақтың халық әні «Қамажай» (өңдеген Н.Мендіғалиев). Балалардың қолына түрлі-түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Бояудан бірте-бірте көтеріледі. – ақшыл жасыл. Көтеріңкі – жасыл. Жоғары дыбыс-қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды. Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді. Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) - Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.	Желпуіш түстері арқылы музыканы, күй түстерін көрсетуге тырысады. Жоғары, төмен дыбыстарға арналған жаттығуды қайталайды. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Әнді тыңдайды, үйренеді. Би қимылдарын қайталап, айтуға талпынады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	- Балалар, біз қандай музыка бояуларын кездестірдік? - Қандай би түрлерін көрдіңдер? - Сендер өте керемет қатыстындар, рахмет. Сау болыңдар!	Көк, сары, жасыл, қызыл. Вальс, полька, марш, қазақ әнін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.

Игереді: музыканы тыңдап, түстері арқылы табуды.

Меңгереді: «Кел, билейік» би элементтерін жасауды

Мерзімі: 3,5,10,12 - қараша 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі орман»

Мақсаты: музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру.

Көрнекілік: қуыршақтар. Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн.

Сөздік жұмыс: саңырауқұлақ тереміз, күз келді.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасымен қарсы алу. Шеңбермен жүруді, жүгіруді, жеңіл би ырғақтарын үйрету. «Күзгі орман» суретін балаларға көрсетіп, орманда қандай аңдардың мекендейтінін сұрайды. Өздерің білетін аңдардың қимылын салып көрсетіндерші. Балалар, бәріміз бірге күзгі орманға атарбаға отырып барайықшы: Атарбаға мінеміз, Күзгі орманда келеміз. Аңдарменен дос болып, Саңырауқұлақ тереміз, - деп балаларды отырғызады.	Балалар әуенмен жүруді, би ырғақтарын қайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман» суретіне қарап, орманда қандай аңдардың бар екенін айтады. Білетін аңдардың қимылын салып жүруге тырысады. Бір баланың артынан екеу-үшеуден тұрып, шауып жүреді. Балалар сөзін қайталап айтуға, сол ырғақпен шауып жүруге тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: Музыка жетекшісі балаларды музыка тыңдауға отырғызады, сипаттарын түсіндіреді. «Жанрды ажырат» әуенді-дидактикалық ойынын арқылы ән тыңдап, жанрын ажыратуға үйретеді. 1. «Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов) – көңілді ырғақ. 2. «Мерекелік марш» (Б.Дәлденбаев) – жігерлі. 3. «Вальс» (Қ.Шілдебаев) – сабырлы. «Баспалдақпен шығамыз» (Е.Тиличеева) жаттығуын жасату. Балаларға «Көлікке мінеміз, орманға барамыз», - деп шеңбермен алып жүреді. «Күзгі орман» ертегісін қуыршақ театры арқылы ойнауды үйрету. Әже, қыздар, Аю, Түлкі. Ертегіні қуыршақ театры арқылы ойнап, әндерін, қимылдарын ұсыну. Ән үйрену: «Саңырауқұлақ тереміз» (Г.Абдрахманова) әні үйретіледі. Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, жеңіл би ырғағын үйретемін. Дидактикалық ойын: «Қасқыр мен қояндар» қойылымы. Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.	Балалар тыңдап, сипаттарын ажыратуға талпынады. Балалар жаттығуды еркін орындайды, үйренеді. Көлікке мініп, шеңбермен жүріп келеді. Балалар ойыншық қуыршақтарды қолдарына киіп, кейіпкерлердің сөзін, қимылын, әнін айтуға үйренеді. Балалар әнді көңілді қимылмен орындауға талпынады. Балалар жеңіл билеуге үйренеді. Шығарманың ырғағын іштей сезініп, қуана билейді. Балалар текшелерді дұрыс ажыратуға тырысады.
Рефлексия - лық- түзету- шілік	Балалардан орманда қандай ән-билерді көрген, үйренгенін сұрайды. Мадақтау, қоштасу.	Балалар кейіпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың ырғағын ажыратуды, музыканы тыңдап, кейіпкерлердің әуеніне салып ойнауды

Игереді: музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды. тыңдап, түстері арқылы табуды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасау

Мерзімі: 17,1924,26 -қараша 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі:Музыка
Тақырыбы: «Жомарт өлкем»
Мақсаты:музыканы тыңдау, сзіну, сипатын ажырату, динамикасын білу.
 Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.
Көрнекілік: ноталар, нота сызықтары.
Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.
Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзақ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жетекші балаларды «Менің елім» әнімен (Н.Назарбаев, Б.Тілеухан) қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қырларын Жүр, аралап келейік!-деп ақын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты. Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін (Л.Хамиди) отырып тыңдайық (ұнтаспадан тыңдайды). -Өнді кім жазады? Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.	Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады. Композитор
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». -Қандай ноталар болады? -Ән қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады. (Нота сызықтары мен ноталар). Соль, фа, ми, ре,до, до, ре, Ән саламыз өз-ге-ше,-деп, әндетіп, күйсандықта тартады. -Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. -Ең жоғарғы нотадан басталды? Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар. Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырыңдар. Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).	Балалар ноталарды есіне түсіреді. Қысқа. Ұзақ. Жеті нотадан тұрады. Балалар үлестірмелі текшелерді алып, жаттығуды тыңдайды. Жоғарыдан төменге Сольдан кейін фа, ми, ре, до фа, ми, ре, до Дауы жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді. Сызықтарға дұрыс орналастыруға тырысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Ән үйрену: «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап үйренуді ұсынады. Ұлдардың кимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді. Н.Тілендиевтің «Әлкиссасын» балалардың қайталап ойнауын ұсынады. -Айтқан әндерің ұнады ма? -Ол әнді қай композитор жазды? Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.	Балалар ауызды дұрыс ашуға, айғайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді. Биді есіне түсіріп, қайталайды. Балалар тыңдаған шығарманы еске түсіреді. Ең әдемі И.Нүсіпбаев

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.

Игереді: ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.

Меңгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

.

Мерзімі: 3,8,10,15 - желтоқсан 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырбы: «Гүлдене бер, Қазақстан»

Мақсаты: музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Өнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.

Қолданылатын көрнекті құралдар: дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер.

Қажетті құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, ұнтаспа.

Алдын ала орындалатын жұмыс: Астана туралы әңгімелеу. «Бәйтерек» әнінің сөзін жаттау.

Сөздік жұмыс: көңілді, жігерлі, сабырлы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Көңілді марш» ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені Жаттығуды бастаймыз Бір-екі, бір-екі Адымдап біз жүреміз,- деп «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады. Балалар пойызға отырып, Астанаға аттануды ұсынады. Рәп ырғағымен әндетеді: Гүлдене бер, Астана! Пыш-пыш, пыш-пыш Астанамыз-бас қала! Гу-гу, гу-гу Жасай берсін кең дала! Бір, екі, үш, төрт Тоқтатамыз пойызды Пыш-пыш, пыш-пыш. Екі рет қайталайды.	Балалар әдеттегі-дей үйренген ырғақтарымен дене жаттығуын жасауға талпынады. Бәрі бірге қосылып, сәлемдеседі. Балалар пойызға отырып, өлең ырғағымен жаңа «рәп» қимылдарын жасауға, сөздерді бірге қайталауға тырысады. Бір рет жетекшімен жасап үйреніп, екінші рет өздері еркін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана!» Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлуді сұрайды. -Астана қандай қала? -Әннің сипатын ажырат. Дидактикалық ойын: «Сипатын ажырат». Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек таратып беріп, Қ. Құсайыновтың «Сәби қуанышы» шығармасын, «Асқақта, Астана!» әнін: «Қазан» шығармасын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Менің елім» әні бірнеше рет айтқызады. Ән үйрену: «Бәйтерек» Би: «Қара жорға» балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын» қимылдары, иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ырғатылып қимылдауын үйретеді. Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Биге деген құштарлығы сезілген балалардың өз бетінше билеуіне ерік береді. Ойын: «Мен күшікпін»	Балалар әнді тыңдайды. Астана-әдемі, жаңа қала Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады. «Сәби қуанышы»- Көңілді, «Асқақта, Астана!» -жігерлі, «Қазан»-сабырлы. Өнді анық айтуға, бірдей бастап, бірге бітіруге тырысады. Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды. Буындарын еркін қозғалуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Музыканы тыңдаған ұнай ма? -Кім әнді жеке айтқысы келеді? -Келесі жолы барлық таңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз. -Сендер өте жақсы ән салып, би билейсіңдер.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы, ырғақты сезіну, сипаттарды ажырата білуі керек.

Игереді: үлестірмелі дөңгелек-текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.

Меңгереді: музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдату, би үлгілерін қайталап көрсетуді

Мерзімі: 22,24,29,31 -желтоқсан 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл жыры», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі.

Мерзімі: 5,12,14 -қаңтар 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Қыс өрнегі»
Мақсаты: музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.
Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш; қыс көрінісі бейнеленген сурет.
Сөздік жұмыс: қыс, шырша, аққала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды алаңға «Қыс қызығын» ойын-сауығына шақыру. Жетекші : Қыс қызығы басталды Ойнап асыр салайық. Сазды әуен мәнерлеп, Ырғақты әнге салайық. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев). Балаларды шеңберге тұрғызып, әндете жүріп бубенді үлестіреді. Бірімізге-біріміз Бубенді үлестіреміз. Кімге келіп тоқтаса Би ырғағын көрсетсін. Әуен тоқтағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шартын түсіндіреді. -Біз бубенді ырғақпен соғамыз, ал сен ырғақты бұзбай билеп бересің. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас, т.б.ұрмалы аспаптарыды үлестіріп береді. Бііз ырғақты қағамыз, Бір, екі, үш, төрт, Жылдамдатып соғамыз, Тез-тез, тез-тез, тез-тез, Жай, жай, жай, жай. Тоқтат, тоқтат ырғақты, - деп бірнеше бала қайталайды. Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «Аққала көмекке шақырады» «Қояндар жарысқа шақырады». Күлдіргіш балалармен аяғына дейін бірге ойнайды.	Балалар ойын-сауыққа көңілдене шығады. Балалар бубенді әндете жүріп үлестіруге тырысады. Ортаға шыққан бала ырғақты тыңдап, би қимылдарын есіне түсіруге талпынады. Балалар аспаптарды қолдарына алады. Ұрмалы аспаптармен ырғақты қайталап соғуға тырысады. Балалар шақырған кейіпкерлерді естеріне түсіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	«Шаңғы тебеміз» (Е.Тилисеева) ән жаттығуымен Аққала көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». «Қыс» (Б.Жүсімалиев, А.Асылбек) әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ойын: «Ырғақты жұмбақ». Аспаптар ырғағы арқылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі? -Ауыр, жай ырғақ. -Орташа, көңілді ырғақ. -Жеңіл, көңілді ырғақ. Балалардан қонжықтың және әке аю мен ана аюлардың жүріс ырғақтарының айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды. Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар (педагогтер) қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады. Ойын: «Көңілді ырғақ». Қоян дирижер ролінде. Ырғақ пен өлшемге арналған ойын. Жай бірте-бірте жылдам және тез ырғақ. «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) әнін қайталау.	Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. «Үш аю» ертегісін естеріне түсіреді. Балалар ырғақты тыңдайды. Әке аю Ана аю Қонжық Қонжық және үлкен аюлардың жүріс ырғақтарының айырмашылығын айтуға талпынады. Балалар жаттығуды айтып қояндарға барады, үйренеді. Дирижерға қарап, қызығушылықпен қатысады. Қимылдарының ырғағы мен өлшемін ажыратуға талпынады. Балалар әнді мәнерлеп айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	-Балалар, сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар? -Кімдерді кездестірдіңдер?	Қыс қызығы мерекесіне. Аю, аққала, қоян, күлдіргіштерді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды.
Игереді: музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды. Текшемен жұмыс жасауды.
Меңгереді: музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру).

Мерзімі: 19,2126,28 - қаңтар 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация- лық- қозғаушы- лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық- түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 1,6,8,13,15 -ақпан 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жау, жау, жаңбыр»

Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.

Қолданылатын көрнекі құралдар: шатыр, күн, бұлт, күз, шуақтар, таяқшалар.

Сөздік жұмыс: күледі, қалады, домалау, жаңбыр.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екіні айтып түсіндіру.	Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді, қатарға тұрады. Әуеннің <i>сәлем, келеміз, алақай</i> сөздерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға « Күн мен жаңбыр » әнін (Г. Абдрахманова) қайталау. Зал іші күз мезгілі бейнелеген және Күннің жарқырап күліп тұрған, жаңбырдың себелеп жауып тұрған суреттерімен безендіріледі. Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы айтылғанда « <i>тырс-тырс</i> » деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдату естеріне түсіреді, үйретеді, қайталады. Әнді еркін айтуды сұрайды. «Күн мен жаңбыр» ойыны («Ақ желкен» СД). Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталады.	Балалар әуенді есіне түсіреді. Күз, Күн, жаңбыр, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға талпынады. Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды. «Тырс-тырс» дыбысын, сөздерін анық айтып, саусақтарын тырсылдату қайталайды. Күн күркірегенде қолшатыр астына тығылады. Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, секіруге, бір орында айналуға машықтанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер? -Сендер жақсы ән айтып, билеп беріңдер, -деп мақтайды. Қоштасады.	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жабырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғады.

Меңгереді: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

Мерзімі: 16,1823,25 - ақпан 2022
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: Самолет
Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.
Қолдарына көрнекі құралдар: ұшақ макеті.
Сөздік жұмыс: ұшақ, «гүр-гүр».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Үнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына «Көңілді ұшаққа» отырайық, -деп ұшақ макетін көрсетеді. «<i>Ұшаққа бірге барайық, Ұшақтан орын алайық</i>», - деп тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана, келісіп, орындықтарға жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, ұшақ бастайды, Гүр-гүр, гүр-гүр, Ән айтып біз қостайық», -деп, «Ұшақ» әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді ұшақтан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды ұстап тұрып: «<i>Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын</i>», -дейді. -Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деп ұсынады. —«Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтып қуантайық. «Сұр қоян» әнін (музыкасы А.Филиппенко, сөзі К.Ұбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.	Балалар «гүр-гүр» сөздерін қайталауға тырысады. Ұшақта отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Балалар қоянды көріп, қуанады. Қоянды ұстап, сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: «<i>Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай</i>» (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп «Қояндар мен аю» ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбаңбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексия- лық- түзетушілік	-Музыка жетекшісі «Көңілді ұшаққа» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «ұшақ» балабақшаға оралады. «Ұшақ» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Ұшақ қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар ұшаққа отырып, жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Құл бұлғап, қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : ұшақ туралы ұғынып, білуі керек.
Иегерді: ұшаққа отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау

Мерзімі: 2,4,9,11 -наурыз 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырыбы: «Анашым»

Мақсаты: анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету.Ата-анасын сыйлауға,қастерлей білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ана мен бала бейнелеген суреттер,мерекеде анаға гүл сыйлап тұрған баланың суреті.

Сөздік жұмыс: сыйлық,сый-құрмет,мейрам.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында көңілді әуенмен балаларды қарсы алады.Амандасады.Шеңбер бойымен жүгіру,секіру,музыкалық қимылдар жасау. -Балалар,мына өлең кім туралы жазылған,мұқият тыңдаңдар. <i>Бала,бала,бала деп, Түнде шошып ояңған, Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған.</i> (БІ.Алтынсарин)	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды,жүгіреді,айналады. Балалар өлең кім туралы екенін ажыратады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар,түнде тұрып,сендерді аялап өсірген аналарың.Ауырсаңдар-емдейді,тамақтарыңды береді,киімдеріңді жуады. Музыка тыңдау: «Ақ мамам» (музыкасын жазған Е.Хасанғалиев,сөзін жазған А.Асылбек). Музыка жетекшісі орындап береді. Анасын әрбір бала асыға күтетінін,анасы үйге келгенде қуаныштан мез-мейрам болатынын әндетіп жеткізеді.Анаға деген сүйіспеншілік,мейірімділік сезімдерін оятау.Өткен әндерді қайталау.Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп,бірін-бірі тыңдап айта білуге үйрету.Өткен әндерді еске түсіріп,қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау. Жаңа ән:«Мерекеңмен,анашым» (музыкасын жазған Б.Қыдырбек, сөзін жазған И.Сапарбай). -Көктем мезгілінде аналарымыздың мерекесі келеді.Әркім әлі келгенше сыйлық әзірлейді.Сендердің үлкен сыйлықтарың-ана туралы айтқан әндерің,жаттаған тақпақтарың,билеген билерің.Өздерің қандай тақпақ білесіңдер? Әннің мәтінін түсіндіріп,жаттату,әнді әуенімен қосып үйрету. Әуенді-ырғақты қимыл: «Биге шақыру» (А.Токсанбаев). Жетекші бір баланы ортаға шақырып,өзіне сыңар іздетеді.	Ана әрбір баланың қамқоршысы екенін түсіне бастайды. Ана туралы әнді тыңдап,өз аналары туралы жақсы лебіздер айтуға талпынады. Өткен әндерді еске түсіріп,қимылмен қоса айтады. Жаңа әннің мәтінін жаттап,әуенмен айтуға тырысады.Бала қалаған досын биге шақырып,аяқтарын бірге топылдатады.Музыка тез айналғанда бірге айналады.Музыка аяқталғанда,екеуі қайтадан екі баланы биге шақырады.Осылай балалар түгел биге қатысады.
Рефлексия-лық-түзетушілік	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылайды.Балаларды мадақтау,марапаттау	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аналарының мерекесін білуі керек.Анаға деген сүйіспеншіліктерін бағалату.

Игереді: мереке,сыйлық деген ұғымдарды.

Меңгереді: өздері дос іздеуді,биге шақыру дағдыларын.

Мерзімі: 16,18,25,30 -наурыз 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Армысың, Наурыз».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Иегерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

Мерзімі: 1,6,8,13,15 - сәуір 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендерді тыңдау,сезінуге баулу.
Қолданылатын көрнекі құралдар: Күн,бұлт суреттері,қолшатыр.
Сөздік жұмыс: күн,жаңбыр,қолшатыр.

Оқу іс–әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады.Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді. Жетекші әндетеді: <i>«Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды».</i>	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап,әуенді көңілдене тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жетекші: -Балалар,сендер не көріп тұрсындар? Кәне,бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Ұнтаспадан күннің күркірегені,жаңбыр тырсылы естіледі. -Балалар,мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. -Балалар,сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды,ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады. «Жапырақтар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады. «Күн» (М.Т.Потапенко)(Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (музыкасы Ө.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.	Балалар жауап береді. Балалар жаңбыр даусын естіп,таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады. Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді,жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады,жасырынуға талпынады Балалар әнді еркін қимылдап айтуға талпынады. Балалар тыңдап, ойнауға тырысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар,Күн шуағы сендерге қуанып,келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр.Кәне, Күнмен қоштасайық.Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар,- деп мақтайды.	Балалар күнге қол бұлғап көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдау,көңілді,көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.
Игереді: музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай,мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
Меңгереді: көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді,дағдыланады.

Мерзімі: 20,22,27,29 - сәуір 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»
Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.
Көрнекілік: шырша.
Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.
Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.
Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушылық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрінен естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Куатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керектігін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсындар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.
Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.
Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 4,6,11,13 - мамыр 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі Музыка
Тақырбы: «Тату доспыз бәріміз»
Мақсаты: балаларды достыққа,бірлікке,татулыққа шақыру.Көңілді әуен арқылы көңіл күй көтеруге тарту.
Көрнекілік: «Менің досым» -балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.
Сөздік жұмыс: татулық,достық.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады.Амандасады. -Сламатындар ма,балалар? Сендерді көргеніме қуаныштымын! Қуан,шаттан,алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай!-балалар бүгін жаңа оқу жылы басталды.Жастарың бір жасқа үлкейді.Енді сендер кішкене сәби емессіңдер,ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасып шеңбер бойымен жүгіреді,жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Біз бір-бірімізбен татумыз,доспыз.Әрқашан бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішеміз,күні бойы біргеміз.Қазір ойланатын музыка не туралды,соны мұқият тыңдаңдар. Ән тыңдау: «Достық» муз жазған: И.Нүсипбаев, Сөз жазған: Е.Елубаев -Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз,сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз» Муз жазған: Е Меңдешев, Сөз жазған: Ф.Оңғарсынова. -Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсіндірейік.Денені тік ұстап,қолды тізенің үстіне қойып,дауысты қатты шығармай,бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып,бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады. Әуенді –ырғақты қимыл: «Серуендейміз,билейміз» муз жазған: А.Тоқсанбаев Балаларды екі-екіден қол ұстастырып,еркін қимылмен серуендетіп жүргізу.Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып,қолдарын белдеріне қойып,аяқты топылдатқызу.Келесі әуенде қол ұстастыру,шыркөбелек айландыру.Әуенді ести отырып,өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балалар ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп,әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайдыҚол ұстасып,әуенге ілесіп еркін жүреді,аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Рефлексиялық-түзетуші	Қорытындылау,Әр баланы өз бетінше мадақтау,көтермелеу.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді дұрыс түсіне білу,әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық,достық түсініктерін

Меңгереді: Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Мерзімі: 18,20,25,27 - мамыр 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі Музыка
Тақырбы: «Болайықшы осындай»
Мақсаты: балаларды достыққа,бірлікке,татулыққа шақыру.Көңілді әуен арқылы көңіл күй көтеруге тарту.
Көрнекілік: «Менің досым» -балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.
Сөздік жұмыс: татулық,достық.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады.Амандасады. -Сламатындар ма,балалар? Сендерді көргеніме қуаныштымын! Қуан,шаттан,алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай!-балалар бүгін жаңа оқу жылы басталды.Жастарың бір жасқа үлкейді.Енді сендер кішкене сәби емессіңдер,ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасып шеңбер бойымен жүгіреді,жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Біз бір-бірімізбен татуымыз,достымыз.Әрқашан бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішеміз,күні бойы біргеміз.Қазір ойланатын музыка не туралды,соны мұқият тыңдаңдар. Ән тыңдау: «Достық» муз жазған: И.Нүсипбаев, Сөз жазған: Е.Елубаев -Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз,сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрену: «Тату достық бәріміз» Муз жазған: Е Меңдешев, Сөз жазған: Ф.Оңғарсынова. -Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсіндірейік.Денені тік ұстап,қолды тізенің үстіне қойып,дауысты қатты шығармай,бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып,бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады. Әуенді –ырғақты қимыл: «Серуендейміз,билейміз» муз жазған: А.Тоқсанбаев Балаларды екі-екіден қол ұстастырып,еркін қимылмен серуендетіп жүргізу.Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып,қолдарын белдеріне қойып,аяқты топылдатқызу.Келесі әуенде қол ұстастыру,шыркөбелек айландыру.Әуенді ести отырып,өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балалар ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп,әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайды.Қол ұстасып,әуенге ілесіп еркін жүреді,аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Рефлексиялық-түзетуші	Қорытындылау,Әр баланы өз бетінше мадақтау,көтермелеу.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді дұрыс түсіне білу,әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық,достық түсініктерін

Меңгереді: Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

«Аққу» ересек тобының тақырыптық жоспары

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: Музыка

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту.

Айы	Оқу іс – әрекетінің тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	«Балдырғандар әні»+	2
	«Ойыншықтар»+	2
	«Анамның тілі-аяулы үні»+	2
	«Поезд»+	2
Қазан	«Күзгі орман»+	2
	«Күзгі бақта»+	2
	«Менің Отаным»+	2
	«Күз жомарт»+	2
Қараша	«Ағайынбыз бәріміз»+	2
	«Мұғалім – ол біздің»+	2
	«Күз байлығы»+	2
	«Әуенді сандықша»+	2
Желтоқсан	«Қазақстан – кең байтақ елім»+	2
	«Жомарт өлкем»+	2
	«Гүлдене бер, Астана»+	2
	«Аяз ата мен Ақша қар»+	2
Қаңтар	«Келді міне Жаңа жыл»+	2
	«Аққала»+	2
	«Қысқы орманда»+	2
	«Айнала ақша қар»+	2
Ақпан	«Орманда серуендейміз»+	2
	«Жау, жау, жаңбыр»+	2
	«Самолет»+	2
	«Ғарышкер боламыз»+	2
Наурыз	«Ана-өмір шырағы»+	2
	«Айналайын анашым»+	2
	«Наурыз – жыл басы»+	2
	«Армысың Наурыз»+	2
Сәуір	«Айгүл қонақта»+	2
	«Ғарыш әлеміне саяхат»+	2
	«Күн мен жаңбыр»+	2
	«Ғажайып сылдырмақтар»+	2
Мамыр	«Дос болайық бәріміз»+	2
	«Ел қорғауға әзірміз»+	2
	«Бағдаршам»+	2
	«Домбыра сазы»+	2
Барлығы		72

Мерзімі: 1,6,8, - қыркүйек 2021 ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Балдырғандар әні»
Мақсаты: музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Өнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.
Көрнекілік: шертер суреті, композитор Б.Дәлденбайдың суреті.
Сөздік жұмыс: регистр, шертер.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Марш» (Е.Брусиловский) ойналып, балалардың шеңбер бойымен жүріп келіп, бірнеше қатарға тұрып, түзі сызық бойымен жүруді үйрету. Үйренеміз өнер біз, Шетімізден шеберміз. Ән де айтып көңілді, Би де билеп береміз,-деп, «Тату достар» (И.Штраус) полькасына биге шақырады. Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді. - Кімнің қандай өнері бар? - Кім билегенді ұнатады? - Ал кім бізге қалаған әнін орындап береді? – деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады.	Марш екпінін сезіне, бірнеше қатарға бөлініп тұруды үйренеді. Сап түзеп, қатарласа жүреді. Көңілді полька биінің әуенін сезіне жеңіл қозғалады. Өз ойларынан би құрастырып, мәнерлеп орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «<i>Балалығым-балғын – шағым</i>» (Т.Қажыбаев) атты әнді орындап, мұқият тыңдауларын сұрайды. Әннің мазмұнына ерекше тоқталу. Әннің орындалуына мән беріп, көңіл күйін сезіне әңгімелесуді ұсынады. Ұлттық музыкалық аспап-шертерменмен таныстыру. Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын ұнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігін есте сақтауға, ажыратуға үйрету. Ән үйрену: «<i>Балдырғандар әні</i>» (Б.Дәлденбай, Н.Жанаев). Авторлардың балаларға арнап жазғанкөптеген әндерін орындап, айтып жүргендерін ескертеді. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйретіп, бірге қосыла айтуға икемдейді. Ойын: «Етек-етек» Ойын шартын қатаң сақтауларын қадағалау.	Әнді ынталана тыңдап, мағынасына мән береді. Әннің сипатын ажыратады. Шертер аспабымен танысып, дыбысталуын есте сақтайды. Жаңа әнді тыңдап, әуенін үйренеді. Сөздерін қайталап, мағынасын түсінеді. Ән авторлары туралы мәлімет алады. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, «ля» буынына қосыла айтады.
Рефлексия -лық-түзету-шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды. Өнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды.
Игереді: жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.
Меңгереді: музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды.

Мерзімі: 13,15 -қыркүйек 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырыбы: «Ойыншықтар»

Мақсаты: музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Сөздік жұмыс: «мә-мә», «бө-бө», «мө-мө», «мияу», «әуп-әуп».

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, әженің суретін көрсетіп, қонаққа баратындарын айту. -Әжеміздің ауылына құлыншаққа мініп барайық. Ұнтаспада «Тұлпарым» (Б.Бейсенова) әні орындалып, балаларға құлыншақ шабысын көрсетіп, қайталауларын сұрау. Ән аяқталғанда балалар үйшік алдына келіп тоқтайды. Үйшіктен әже-педагог шығып балаларды қарсы алады.	Балалар қуана келісіп, «құлыншаққа отырып», әуен ырғағымен жүгіре басып, шабысын көрсетуге талпынады. Балалар «аттан түсіп» әжемен амандасады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, «Не қалай дыбыстайды?» ойыны (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды. <i>Секеңдеген лағым, Лағым менің, шұнағым Қалай дыбыстайды?</i> Балаларға карточкадан лақтың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі <i>лақ маңырайды</i> деп түсіндіреді. <i>Күзетші күшік-саққұлақ, Үй күзетіп шапқылап, Дыбыс шықса қаттырақ</i> <i>Қалай, қалай үреді?</i> (Сұрақтар жалғасады). Музыка жетекшісі балаларға: «Әжемізге өзіміздің ойыншықтарымыз туралы ән айтып берейік», -деп ұсынады. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Н.Әлімқұлов). Балаларға ойыншықтар ұстатып, әнді екінші рет қайталап, мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға машықтандырады. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалардың мимикалық қимылдарын (жымию, қабақ тую, т.б.) бақылайды. «Анасын тап» ойынын (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы: <i>Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не?</i> Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын әрі қарай жалғасады.	Ойынға көңілді қатысып, жауап беруге тырысады. Лақтың суретін көрсетіп, «мә-мә» деп маңырап дауысын салуға талпынады. Балалар күшіктің суретін тауып көрсетіп, «әуп-әуп» деп қуана дыбыстайды. Балалар өздері таңдаған ойыншықтарын алып шеңбер бойымен отырады. Әнді құлшына тыңдап, түсінуге тырысады. Әннің 1-шумағында ойыншықтарды ұстап, жоғары көтере қимылдатады. 2-шумағында тізерлеп отырып, «тербетеді»-ұйықтатады. 3-шумағында жерге қойып, сұқ саусағын көтере «ұрысқан» кейіп танытады. Балалар ойынға қызығушылық танытып, көңілді қатысады. Төлдердің суреттерін дәл тауып, қимылын салып көрсетуге талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? Қандай төлдер бар екен? Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен? -деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді. -Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар! Ұнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.	Балалар жауап береді. Төлдердің атын атап, жауап беруге тырысады. Әжемен қоштасып, әуен ырғағымен «шауып» шығып кетеді.

әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды. ойын арқылы төлдер туралы біліп, *лақ маңырайды, бұзау мәңірейді, күшік үреді* сияқты түсініктерді.

музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің қимылын- сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

20,22 -қыркүйек 2022ж
Шығармашылық
Музыка
«Анамның тілі-аяулы үні»
музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.
мақал-мәтелдер, көркем сөздер
үнтаспа,

Оқу іс-әрекетінің кезңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	- Балалар, біз бүгін «Ана тілі» туралы әңгімелейік. - «Ана тілі» дегенді қалай түсінесіңдер? - Біздің ана тіліміз қай тіл? - Әрбір халықтың өзінің ұлттық тілі болады. Кім біледі, біздің ұлттық тіліміз қандай тіл? - Дұрыс айтасындар. Біз қазақ деген ұлт болғандықтан, қазақ тілі – біздің ана тіліміз. Тілімізді шұбарламай, басқа тілдің сөзін араластырмай, таза сөйлей білуіміз, ол тілді сүюіміз қажет. - Ана тілі – біздің бабамыздан қалған тіл. - Ана тілі – анамыздың әлдиімен құлағымызға сіңген тіл. Ана тілін білмесең, Қадірлісің кімге сен? Ана тілін білмесең, Қадірлісің кімге сен? Ана тілі арқылы Тарихыммен тілдесем. Өз тілінде ер жетіп, Қол созасың Күнге сен.	Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Ән тыңдау: «Ана тілін сүйеміз» К.Дүйсекеев. - Ән қандай? (Көңілді, қуанышты) - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? Ән айту: «Ана тілін сүйеміз» И.Нүсіпбаев - Әнде не туралы айтылады? - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? - Сен өз еліңнің нағыз азаматы болу үшін, ана тілінде таза сөйлеуің қажет. Көп ойлан, жақсы сөйле, сөзің қысқа әрі нұсқа болсын. Акын қадыр Мырза Әли: «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте!» - деп өсиет еткен. Ән айтар алдында дауысты қалыппа келтіріп алу керек. Әннің сөзін анық, таза айтуға тырысындар. Дем алғанда нықты көтермей, ішпен алып, үнемдеп шығар. Сонда ән бүлінбей таза орындалады. Әуенді қимыл-қозғалыс. - Балалар, сендер тыңдаған «Ана тілін сүйеміз», орындаған «Ана тілін сүйемін» әндеріңнің әуені қандай? Сол әуенге сәйкес қандай би элементтерін, қимыл-қозғалыс жасағанды қалайсындар? «Қазақ вальсі». Л.Хамиди. Үнтаспа. Вальс – жұптасып билейтін би. Жұптасып, шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүгіру. Мұғалім белгі берген кезде тоқтап, бір-біріне қарсы тұрып, қол ұстасып, бір қадам оңға, бір қадам солға қимыл жасап, тұрған орнында бірге айналу. Қимыл музыка әуеніне сай жасалуын қадағалау. Музыкалық аспапта ойнау: Ксилофон. Ксилофонда қазақтың халық әні «Еркем-ай-дың» алғашқы 4 тактісін, келесі сабақта екінші 4 тактісін үйрету. Әнді қосылып айтып отыруға болады.	Әннің ырғағы орташа, салмақты. Жоғары дыбыстан басталады. Балалар дыбысты салады. Гу-у-у-у – ұзақ Гу-у- уысқа. Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрып, ырғақты сезінеді. Соңғы буында Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады. Әнді бірге айтып, үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады.

Рефлексия-лық-түзету-шілік	Музыкалық-дидактикалық ойын. «Біздің ойын» Ойын ережесін мұқият тыңдап, топтасып, көңілді ойнау. Балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалар қызығушылықпен ойынды ойнайды.
----------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.
Игереді: ана тілі туралы ұғымдарды
Меңгереді: музыка әуеніне сай қимыл жасауды

Мерзімі: 27,29 -қыркүйек 2021ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Поезд»
Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.
Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолдарына көрнекі құралдар: паровоз макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі.

Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пыш-пыш», «пух-пух», «у-у-у».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивация-лық қозғаушылық	- Үнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, -деп паровоз макетін көрсетеді. <i>«Пойызға бірге барайық, Вагоннан орын алайық»,</i> - деп «вагондарға»– тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана, клісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық», -деп, « Пойыз » әнін (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі Ж.Смақов) орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді пойыздан» түсіп, қысқ орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, « қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды ұстап тұрып: <i>«Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын»,</i> -дейді. -Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деп ұсынады. – «Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтып қуантайық. « Сұр қоян » әнін (музыкасы А.Филиппенко, сөзі К.Ұбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды. « Қоңыр аю қорбаңбай » (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: <i>«Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай»</i> (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме ,балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысыме балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп « Қояндар мен аю » ойының ұйымдастырады.	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Балалар қоянды көріп, қуанады. Қоянды ұстап,сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп,қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады. Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбанбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.

Рефлексиялы қ-түзетушілік	-Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Құл бұлап, қоштасалы.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі : паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.
Иегерді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбандап жүру).

Мерзімі: 4,6 -Қазан 2021 ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Күзгі орман»
Мақсаты: музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру.
Көрнекілік: қуыршақтар. Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн.
Сөздік жұмыс: саңырауқұлақ тереміз, күз келді.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасымен қарсы алу. Шеңбермен жүруді, жүгіруді, жеңіл би ырғақтарын үйрету. «Күзгі орман» суретін балаларға көрсетіп, орманда қандай аңдардың мекендейтінін сұрайды. Өздерің білетін аңдардың қимылын салып көрсетіңдерші. Балалар, бәріміз бірге күзгі орманға атарбаға отырып барайықшы: Атарбаға мінеміз, Күгі орманда келеміз. Аңдарменен дос болып, Саңырауқұлақ тереміз, - деп балаларды отырғызады.	Балалар әуенмен жүруді, би ырғақтарын қайталауды үйренеді. Балалар «Күзгі орман» суретіне қарап, орманда қандай аңдардың бар екенін айтады. Білетін аңдардың қимылын салып жүруге тырысады. Бір баланың артынан екеу-үшеуден тұрып, шауып жүреді. Балалар сөзін қайталап айтуға, сол ырғақпен шауып жүруге тырысады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: Музыка жетекшісі балаларды музыка тыңдауға отырғызады, сипаттарын түсіндіреді. «Жанрды ажырат» әуенді-дидактикалық ойынын арқылы ән тыңдап, жанрын ажыратуға үйретеді. 1. «Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов) – көңілді ырғақ. 2. «Мерекелік марш» (Б.Дәлденбаев) – жігерлі. 3. «Вальс» (Қ.Шілдебаев) – сабырлы. «Баспалдақпен шығамыз» (Е.Тиличеева) жаттығуын жасату. Балаларға «Көлікке мінеміз, орманға барамыз», - деп шеңбермен алып жүреді. «Күзгі орман» ертегісін қуыршақ театры арқылы ойнауды үйрету. Әже, қыздар, Аю, Түлкі. Ертегіні қуыршақ театры арқылы ойнап, әндерін, қимылдарын ұсыну. Ән үйрену: «Саңырауқұлақ теремі» (Г.Абдрахманова) әні үйретіледі. Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, жеңіл би ырғағын үйретемін. Дидактикалық ойын: «Қасқыр мен қояндар» қойылымы. Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады.	Балалар тыңдап, сипаттарын ажыратуға талпынады. Балалар жаттығуды еркін орындайды, үйренеді. Көлікке мініп, шеңбермен жүріп келеді. Балалар ойыншық қуыршақтарды қолдарына киіп, кейіпкерлердің сөзін, қимылын, әнін айтуға үйренеді. Балалар әнді көңілді қимылмен орындауға талпынады. Балалар жеңіл билеуге үйренеді. Шығарманың ырғағын іштей сезініп, қуана билейді. Балалар текшелерді дұрыс ажыратуға тырысады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	Балалардан орманда қандай ән-билерді көрген, үйренгенін сұрайды. Мадақтау, қоштасу.	Балалар кейіпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

- Біледі:** музыканың ырғағын ажыратуды, музыканы тыңдап, кейіпкерлердің әуеніне салып ойнауды
- Игереді:** музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды. тыңдап, түстері арқылы табуды.
- Меңгереді:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

- Мерзімі:** 11,13 - қазан 2021ж
- Білім беру саласы:** Шығармашылық
- Бөлімі:** Музыка
- Тақырыбы:** «Күзгі бақта».
- Мақсаты:** ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.
- Көрнекілігі:** себет, алма, алмұрт, қияр, сәбіз, муляждарын дайындау.
- Сөздік жұмыс:** алма, алмұрт, қияр, сәбіз, тәтті, қатты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдеседі. Шеңбер бойына шақырады. «Жүгіреміз, жүреміз» Әуенді қимылымен жүруге шақырады. Балаларды отырғызып, дайындалған сурет, муляждарды көрсетеді, ұстанады, қандай жеміс екенін сұрайды. «Жемістерді тереміз, Көкеністі жинаймыз. Алақай – ау, алақай, Күзгі бақта ойнаймыз», - деп әндете балаларды қызықтырады.	Балалар залға кіріп, сәлемдеседі. Балалар ілесе жүгіруге талпынады. Жайғасып отырады. Муляждарды ұстап көреді, қызығады, атап айтуға тырысады. Қызығады, әнді тыңдайды.

Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» әнін орындап береді. Жетекші муляждарды кезек – кезек көрсетіп: «Алма – ля-ля-ля, Алмұрт –ля-ля-ля, Сәбіз –ля-ля-ля» деп айтқызып үйретеді. Созылатын «ал» деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді. «Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді. Мысалы:»Отырып себетке саламыз, жинаймыз, саусақтармен би билеп, айналамыз» деп, әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін стеріне түсіреді, қайталайды. «Келіндер келіндер, Ойын ойнап көріңдер. Жемістерді шашылған. Жылдам жинап беріңдер». Әннің мәтініне ілесе отырып, қызыл себетке жемістерді, сарысебетке көкөністерді салып беріңдер. Музыка ойналады, балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді.	Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады. Балалар әнді қосыла айтуға тырысады. Созыңқы айтуға талпынады. Көңілді күліп айтады. Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып отырып, жинауға, салуға тырысады. Балалар әнді есіне түсіріп, айтуға тырысады. Балалар ойынға белсене қатысып, жемістерді жинайды. Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар, сендерге ән ұнады ма? Жемістерді жылдам атап беріңдерші? Көкөністерді кім атап береді? Серуенге шыққанда, топта өткен әндерді, ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды, мадақтайды.	«Ұнады» - деп жауап беруге талпынады. Балалар жарысып айтуға таласады. Балалар көңілдене қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

- Біледі :** әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.
- Иегерді:** жемістерді, көкөністерді музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды, тыңдауды иегереді.
- Меңгереді:** әнді айтып, мәтініне қарай қимылдарды қайталап, эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

- Мерзімі:** 18,20 -қазан 2021ж
- Білім беру саласы:** Шығармашылық
- Бөлімі:** Музыка
- Тақырыбы:** «Менің Отаным»
- Мақсаты:** музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.
- Көрнекілік:** герб, ту суреттері иллюстрация түрінде.
- Қажетті құрал-жабдықтар:** ұнтаспа, диск.
- Алдын ала орындалатын жұмыс:** герб пен ту туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттау.
- Сөздік жұмыс:** ту, герб, гимн

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жетекші балаларға «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады. «Жалаумен жаттығу» - 1,2,3 қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді. Герб пен ту туралы аңызды әңгімелеп береді. Гимнді айтуын ұсынады. Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д.Омаров, С.Қалиев). Балаларды отырғызып, әнді айтып береді.	Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды. Өздері білетін ел туралы, Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады. Герб пен ту жайлы тақпақтар айтып береді.

Ұйымдастырушылық - ізденістік	-«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай? -Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма? Қай жерінде? -Қысқа және ұзақ дыбыс бар ма? -Паравоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» деп түсіндіреді. «Стаккато» дауыс жаттғуын айтқызады үйретеді. Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Менің Отаным» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрып, ырғақты сезінуін ұсынады. Көк ас-пан-да көк ту бар. -Қай жерінде ұзақ дыбыс бар? 2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады. -Енді ән айтып, дауысымызды жаттықтырайық. Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омарова, С.Қалиев). -Би билейік, үйренейік, қозғалайық, қуанайық. Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б. -Қыран құс қалықтап ұшады. (Жетекшінің таңдауымен қыран құстың дыбысын пайдалану). Батырлар биін үйретеді. Қара баланың қимылына (И.Сапарбай «Қазақтың қара баласы», «Серілер» тобының ұнтаспасын пайдалану). Аспапта ойнау. Халық әні «Илигай» қайталанып үйретіледі. Ойын: «Қандай ырғақ» (А.Асылбек) ойынын естеріне түсіреді, қайталайды.	Әннің ырғағы орташа, салмақты. Жоғары дыбыстан басталады. Балалар дыбысты салады. Гу-у-у-у – ұзақ Гу-у- қысқа. Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрып, ырғақты сезінеді. Соңғы буында Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады. Әнді бірге айтып, үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады. Балалар «Қара бала» биінің қимылдарын жаттап алады. Оған қоса сөзін де жаттайды. Балалар ұрмалы аспаптарда қызыға ойнайды. Балалар ойынға белсене қатысады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	-Балалар сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? -Герб туралы не білесіңдер?	«Елім менің», «Қазақстан жалауын» тыңдадық. Біз гербімізбен, Туымызбен мақтанамыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:	музыка тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.
Игереді:	жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдату
Меңгереді:	музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Мерзімі:	25,27 - Қазан 2021ж
Білім беру саласы:	Шығармашылық
Бөлімі:	Музыка
Тақырыбы:	«Күз-жомарт»
Мақсаты:	музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау
Көрнекілік:	бейнетаспа, опера үзінділері; ұнтаспа, желпуіш.
Сөздік жұмыс:	көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғау-шылық	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, Амандасады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (до, ре, ми, фа, соль, ля, си)	Балалар қатармен кіреді, тұрады. Сәлеметсіз бе? (фа,фа, ми, ре, до)

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: <i>«Тамшылар»</i> (М.Жауітқов). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарна жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. Қимылды ойын: <i>«Өз орныңды тап!»</i> Бұл ойын балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. Балаларды зал бойымен жеке-жеке төрт қатарға тұрғызады, өз орындарын, кімнің артында, кімнің алдында екенін көріп алулары керек. Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!»-деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді. Бұл тапсырманы ойын ретінде залға келген сайын ойнатып үйретсе, балалар еркін тұруға қалыптасады. <i>«Өз жұбыңды тап!»</i> ойыны да осылай ұйымдастырылады. Төрт, болмаса, үш қатарға жұппен тұрғызылады., әрі қарай ойын дәл солай жалғастырылады. <i>«Музыка бояулары»</i> ойынында балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минорлардымен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз. Балаларға интерактивті тақта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді; вальс, полька, марш, қазақ биін. Опера және балет театрының бейнетаспасынан үзінділерді тыңдайды., көреді. Жанр түрлерін қайталап айтқызады, үйретеді. Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан құралатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар-көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды.	Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшы қимылдарын жасауға талпынады. Балалр шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұруға тырысады. Балалар мұқият тыңдайды, отырады. Балалар еркін ойнауға тырысады. Өз ойындарын еске сақтауға талпынады. Балалар өз жұптарын білуге, есте сақтауға тырысады. Балалар би түрлерін тамашалайды. Вальс, полька, марш, қазақ битүрлерін айтуға талпынады. Балалар педагогтің қолына қарап, оң қолдарымен жоғары-төмен, көтеріңкі-баяу жаттығуларын жасауға тырысады.
	Музыка тыңдау: 1. Е.Брусиловский «Би»; 2. М.Глинка «Полька»; 3. Қазақтың халық әні «Қамажай» (өңдеген Н.Меңдіғалиев). Балалардың қолына түрлі-түсті желпіуштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Бояудан бірте-бірте көтеріледі. – ақшыл жасыл. Көтеріңкі – жасыл. Жоғары дыбыс-қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды. Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. Ән үйрену: <i>«Бұл қай кезде болады? Күз»</i> (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді. Би: <i>«Кел, билейік»</i> (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) - Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.	Желпіуш түстері арқылы музыканы, күй түстерін көрсетуге тырысады. Жоғары, төмен дыбыстарға арналған жаттығуды қайталайды. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Әнді тыңдайды, үйренеді. Би қимылдарын қайталап, айтуға талпынады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	- Балалар, біз қандай музыка бояуларын кездестірдік? - Қандай би түрлерін көрдіңдер? - Сендер өте керемет қатыстыңдар, рахмет. Сау болыңдар!	Көк, сары, жасыл, қызыл. Вальс, полька, марш, қазақ әнін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.

Игереді: музыканы тыңдап, түстері арқылы табуды.

Меңгереді: «Кел, билейік» би элементтерін жасауды

Мерзімі: 1,3,8 -қараша 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: отбасындағы туыстар бейнеленген суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: алтыбақан, үшбұрыш, қоңырау, металлофон, бубен аспаптары.

Алдын ала орындалатын жұмыс: өз туыстары туралы әңгімелеу, өлең-тақпақтар жаттау, жылы лебіз-тілектер айтуды үйрену. Туыстарына арнап қолдан сыйлықтар жасау.

Сөздік жұмыс: алтыбақан

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық- қозғаушылық	«Кел, билейік» (В.Конорова) әуенінің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау (боковой галоп). Санамақ айтып, көңілденуге шақырады. <i>Кел, санайық санамақ,</i> Ойын: «Менің туыстарым». Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастауыш ортада тұрып, допты кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау. <i>Жүзімізге қараңыз,</i> <i>Бал күлкілі баламыз.</i> <i>Бізге қымбат күншуақ,</i> <i>Бізге қымбат анамыз.</i> (Ф. Оңғарсынова)	Балалар көтеріңкі көңіл күймен би қимылдарын еркін орындап, ырғақты сезіне билейді. Ойын барысында өздері үйренген, білетін тақпақтарын, әндерін орындайды. Допты ептілікпен қағып алуға тырысады. Өз туыстары туралы білетін, жаттаған өлең-тақпақтарын, әндерін айтып, ойынды қызықты өткізуге атсалысады.
Ұйымдастырушылық-іздеушілік	-Ең сүйікті де, бізге ең жақын адам кім? -Неліктен анамызды күнге теңейміз? Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е.Өміров, Қ.Жәленова). Композитор Е.Өміров туралы әңгімелесу. Шығармаларына тоқталу. Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән». Жаттығуды орындағанда терең тыныс алып, дауыстарының бірқалыпты шығуын қадағалау. «Анашым» жаттығуында «а» дауысты дыбысын ауызды «дөңгелете» айту тәсілімен айтқызу, таза айтуларына көңіл бөлу. Ән үйрену: «Екеуіміз әйбат баламыз». (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров). Әнді орындап, сипаты мен көңіл күйі, мағынасы, мазмұны туралы сұрайды. -Ән қалай орындалды? -«Қаракөз» деген кім екен?	Ана Әнді тыңдап, нәзік әуезді сипатын ажыратады. Ән авторлары туралы естіп, біледі. Дауыс жаттығуын орындайды. Дауысты дыбыстарды таза, анық айтуға тырысады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын жеткізеді. Ән әуенін үйреніп,
Рефлексиялық- түзетушілік	<i>Анаң-күнің, жүрегін, Әкең-өмір тірегін, Ағаң-қамқор асқарың, Інің-мөлдір аспаның, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Әжең-асыл ардағың, Атаң-дана қорғаның, Қарындасың-қанатың, Ел-Отаның-жәннаттың Сен бақытты ұлансың.</i> <i>Бәрі саған қуансын!</i> (М.Қуанышбеков) -Туыстарымызды, ата-анамызды сыйлап, ардақтайық, балалар!	Туыстарына, ата-анасына арнаған жылы лебіздерін қайталайды. Балалар өлең жолдарын қайталап, жаттап алуға талпынады. Туыстарына сыйлықтарын дайындайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды.

Игереді: әнді әсерлене орындауды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: ән мазмұнын тыңдап, әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды

Мерзімі: 8,10 -қараша 2021ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Мұғалім-ол біздің»

Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдеріне тәрбиелеу.

Көрнекілік: Мұғалім туралы суреттер

Сөздік жұмыс: білім, бұлақ

Оқу іс-әрекетінің	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
----------------------	-----------------------------------	-----------------------

кезеңдері		
Мотивациялық-козғаушылық	Алғашқы ән сабағына лайық көтеріңкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу. - Міне, бүгін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс-әрекетінің басталған күні. Бір жасқа үлкейіп, өсіп, жаңа топқа келіп отырсындар. Қадамдарың құтты болсын, дендерің сау болып өсе беріндер!	Балалар көңілді әуенмен залға келеді. Балалар жазғы демалыстары туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, бүгін алғашқы білім күні. Осы кезден дүниені жан-жақты тани, көре, сезіне білулерің қажет. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы – домбырамен ұшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй – қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы. Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей) - Балалар, музыка қандай көңіл-күйде жазылған? - Күйді ести отырып, көз алдарыңа нені елестеттіңдер? - Күй тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма? Бұл күйді композитор әсем көріністі суреттеген. Сыңғырлаған қыздардың шашбауларын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген. Ән айту: «Білімнің - бұлағым» (музыкасы мен сөзін жазған Т.Қоңыратбай) - Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам-жан-жақты адам. Көп үйрену, көп білу – сауаттылықты арттыру. Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай білімді болу қажет. Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, ән айту ережелерін естен шығармайық. Ойын: «Айгөлек» Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Жеребе бойынша бір команда ойын бастайды. Өнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп, Ұстасқан қолдарды үзіп өтсе, қолдаын жіберген екі баланың қалаған біреуін өзімен ала кетеді. Егер қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Қай топта бала көп қалса, сол топ жеңіске жетеді. Би: «Жұптасу» Балалар жұппен қимыл жасап, әуенді тыңдай отырып, әуенге ілесе қимылдар жасайды.	Балалар домбыра туралы, күй туралы мәліметтер алады. Балалар музыканы тыңдап болған соң, өз әсерлерін жеткізуге тырысады. Балалар білім туралы білгендерін жеткізуге тырысады. Бұлақ сөзінің мағынасын естерінде сақтайды. Балалар әуенмен бірге қимылдар жасауға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Бүгін қай күн? - Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар? - Күй дегеніміз не? - Әнде не туралы айтылды? - Қандай ойынмен таныстыңдар? - Бүгінгі іс-әрекеттің қай түрі сендерге ұнады -	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі:

Білім не үшін керек екенін, білімді адам қандай болатынын біледі.

Игереді:

«Білім», «бұлақ» деген түсініктерді.

Меңгереді:

жасау дағдыларын

Халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын

Мерзімі:

-11,13- қараша 2021ж

Білім беру саласы:

Шығармашылық

Бөлімі:

Музыка

Тақырыбы:

«Күз байлығы»

Мақсаты:	музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.
Көрнекілік:	«Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар.
Сөздік жұмыс:	алма, жүзім, алмұрт, анар, өрік, жіңішке, жуан, орташа.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды амандасу жаттығуын жасап, қарсы алу. Ө.Байділдаевтың «Көңілді би» шығармасымен балаларды қарсы алады, жүреді, әртүрлі ырғақты қимылдарды жасап, үйретеді. - Балалар, біз өткен жолы «күзгі орманға» барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз «Бақша сыйын» тамашалаймыз. «Жемістер бағында» дейтін әдемі өленді суреттен оқып көруге шақырамын. - Балалар, жемістер қай кезде піседі? - Қандай жемістерді білесіңдер? (Балаларға суретті көрсетеді).	Балалар амандасу жаттығуын қосылып әндете айтуға тырысады. Қимылдарды қайталап, айтуға тырысады. Балалар ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді. Жемістер жазда, күзде піседі. Алма, алмұрт, жүзім, өрік, сары өрік.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Жеміс бағында» (Ж.Қалжанова) өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады. Екінші рет суретке қарап, әнді балаларға қайталап айтуды ұсынады. Енді «Бұл қай кезде болады? Күз» әнін (Б.Ерзакович), Ш.Ахметов есімізге түсіреміз. Дидактикалық ойын «Қоңыраулардың дыбысын ажырат». Тыңдау. - Айтыңдаршы, балалар, қандай дыбыс естідіңдер? Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін, дыбысын ажыратуды түсіндіреді. Ән үйрену: «Жаңбыр» (Ә.Телғозиев, Қ.Мүсірепов). Би: «Аңдар биі» Бизенің «Кармен» шығармасына қойылған «Кел, билейік» (Б.Байқадамов) биін қайталап айту.	Балалар тыңдайды. Суретке қарап, көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап, есіне түсіруге тырысады. Балалар берілген дыбыстарды тыңдап, ажыратуға тырысады. Жіңішке – кішкентай қоңырау, орташа – орташалау қоңырау, жуан дыбыс – үлкен қоңырау. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар қасқыр мен қояндар қимылын жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	Ойын: «Саусақ сезімін оят». Дорбаның ішіне, алма, алмұрт, қара өрік, сары өрік салып қояды. Балалар қарамай, қолмен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табуы керек. - Балалар,, бүгін қай мезгілге арналған әнді айттыңдар? - Қандай ойын ойнадыңдар? - Сендер өте жақсы қатыстыңдар. - Сау болыңдар!	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Күз мезгілінің әні Қоңыраулардың дыбысын ажыратуды Балалар қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:	музыканың сабырлы, мұңлы, ширақ, сергек сипатын ажыратуды.
Игереді:	қоңыраулардың дыбысын ажыратуды, әнді суретке қарап көрсетіп, есте сақтауды.
Меңгереді:	би қимылдарын ажыратуды, сюжеттік рөлдерде ойнауды

Мерзімі:	-22,24,29 -қараша 2021ж
Білім беру саласы:	Шығармашылық
Бөлімі:	Музыка

Тақырыбы: «Әуенді сандықша»
Мақсаты: әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.
Көрнекілік: барабан
Сөздік жұмыс: соқ-соқ, доң-доң.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациял ық- қозғаушылы қ	Көңілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады. Балалар санына сай түсті шарларды дайындау.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып айналады. Тізені бүгіп серіппелі қимылдар жасайды. Қуыршақты қызықтайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалардан ойыншықтар туралы сұрау. Ал енді осы ойыншықтар туралы ән тыңдаймыз. Ән айту: «Ойыншықтар». Енді өткен сабақта үйренген «Кір қуыршақ» әнін еске түсіреміз. Әнді алдымен әуенімен еске түсіріп, содан кейін сөзін қайталау. Ән айту кезінде дауысты дұрыс шығаруы, бірін-бірі тыңдап айтуы қажет. Балалар қолдарындағы барабандарды кезек-кезек көтереді. Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып айтулары қажет. Алдымен әуенді бірнеше рет қайталайды. Одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі. Ойын: «Өз мүсінді тап» Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әнді тыңдай отырып қолдарын көтереді. Әннің әуенін дұрыс тыңдап, таза айтуға тырысады. Әннің екі жолын үйренеді, әуен есте қалған кезде келесі екі жолын үйренеді. Артынан шумақты түгел айтады. Әнді айғайламай айтуға тырысады. Әнді бірге айтуға тырысады. Балалар залда еркін қимылдар жасап, өз түстеріне лайық машиналарын табуға тырысады. Музыканы тыңдай жүріп, музыка аяқталғанда тез жиналуға әрекеттенеді.
Рефлексия- лық-түзету- шілік	Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды.
Игереді: түстерді ажырата білуді.
Меңгереді: музыка әуенімен еркін жүгіріп, музыка тоқтағанда өз түстерін таба білу дағдыларын дамытуды.

Мерзімі: 6,8 -желтоқсан 2021ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Қазақстан-кең байтақ елім»
Мақсаты: музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.
Көрнекілік: герб, ту суреттері иллюстрация түрінде.
Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.
Алдын ала орындалатын жұмыс: герб пен ту туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттау.
Сөздік жұмыс: ту, герб, гимн

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жетекші балаларға «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады. «Жалаумен жаттығу» - 1,2,3 қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді. Герб пен ту туралы аңызды әңгімелеп береді. Гимнді айтуын ұсынады. Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д.Омаров, С.Қалиев). Балаларды отырғызып, әнді айтып береді.	Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды. Өздері білетін ел туралы, Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады. Герб пен ту жайлы тақпақтар айтып береді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай? -Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма? Қай жерінде? -Қысқа және ұзақ дыбыс бар ма? -Паравоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» деп түсіндіреді. «Стаккато» дауыс жаттығуын айтқызады үйретеді. Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрып, ырғақты сезінуін ұсынады. Көк ас-пан-да көк ту бар. -Қай жерінде ұзақ дыбыс бар? 2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады. -Енді ән айтып, дауысымызды жаттықтырайық. Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омарова, С.Қалиев). -Би билейік, үйренейік, қозғалайық, қуанайық. Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б. -Қыран құс қалықтап ұшады. (Жетекшінің таңдауымен қыран құстың дыбысын пайдалану). Батырлар биін үйретеді. Қара баланың қимылына (И.Сапарбай «Қазақтың қара баласы», «Серілер» тобының ұнтаспасын пайдалану). Аспапта ойнау. Халық әні «Илигай» қайталанып үйретіледі. Ойын: «Қандай ырғақ» (А.Асылбек) ойынын естеріне түсіреді, қайталайды.	Әннің ырғағы орташа, салмақты. Жоғары дыбыстан басталады. Балалар дыбысты салады. Гу-у-у-у – ұзақ Гу-у-у-у – қысқа. Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрып, ырғақты сезінеді. Соңғы буында Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады. Әнді бірге айтып, үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады. Балалар «Қара бала» биінің қимылдарын жаттап алады. Оған қоса сөзін де жаттайды. Балалар ұрмалы аспаптарда қызыға ойнайды. Балалар ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық- түзету-шілік	-Балалар сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? -Герб туралы не білесіңдер?	«Елім менің», «Қазақстан жалауын» тыңдадық. Біз гербімізбен, Туымызбен мақтанамыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.
Игереді: жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдату
Меңгереді: музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды

Мерзімі: 25,27 -желтоқсан 2021 ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Жомарт өлкем»
Мақсаты: музыканы тыңдау, сзіну, сипатын ажырату, динамикасын білу.
 Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.
Көрнекілік: ноталар, нота сызықтары.
Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.
Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзақ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Менің елім» әнімен (Н.Назарбаев, Б.Тілеухан) қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қырларын Жүр, аралап келейік!-деп акын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты. Музыка тыңдау: «Туған ел» әнін (Л.Хамиди) отырып тыңдайық (ұнтаспадан тыңдайды). -Әнді кім жазады? Балаларды дидактикалық ойын ойнауға ұйымдастырады.	Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады. Композитор
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». -Қандай ноталар болады? -Ән қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады. (Нота сызықтары мен ноталар). Соль, фа, ми, ре, до, до, ре, Ән саламыз өз-ге-ше,-деп, әндетіп, күйсандықта тартады. -Мен жаттығуды қалай орындадым?-деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. -Ең жоғарғы нотадан басталды? Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырыңдар. Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырыңдар. Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).	Балалар ноталарды есіне түсіреді. Қысқа. Ұзақ. Жеті нотадан тұрады. Балалар үлестірмелі текшелерді алып, жаттығуды тыңдайды. Жоғарыдан төменге Сольдан кейін фа, ми, ре, до фа, ми, ре, до Дауы жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді. Сызықтарға дұрыс орналастыруға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ән үйрену: «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап үйренуді ұсынады. Ұлдардың қимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді. Н.Тілендиевтің «Әлқиссасын» балалардың қайталап ойнауын ұсынады. -Айтқан әндерің ұнады ма? -Ол әнді қай композитор жазды.? Үйге «Жомарт өлкем» деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.	Балалар ауызды дұрыс ашуға, айғайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді. Биді есіне түсіріп, қайталайды. Балалар тыңдаған шығарманы еске түсіреді. Ең әдемі И.Нүсіпбаев

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.
Игереді: ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды игереді.
Меңгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді

Мерзімі: 20,22 - желтоқсан 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырбы: «Гүлдене бер, Астана»

Мақсаты: музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.

Қолданылатын көрнекті құралдар: дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер.

Қажетті құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, ұнтаспа.

Алдын ала орындалатын жұмыс: Астана туралы әңгімелеу. «Бәйтерек» әнінің сөзін жаттау.

Сөздік жұмыс: көңілді, жігерлі, сабырлы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Көңілді марш» ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені Жаттығуды бастаймыз Бір-екі, бір-екі Адымдап біз жүреміз,- деп «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады. Балалар пойызға отырып, Астанаға аттануды ұсынады. Рәп ырғағымен әндетеді: Гүлдене бер, Астана! Пыш-пыш, пыш-пыш Астанамыз-бас қала! Гу-гу, гу-гу Жасай берсін кең дала! Бір, екі, үш, төрт Токтатамыз пойызды Пыш-пыш, пыш-пыш. Екі рет қайталайды.	Балалар әдеттегі-дей үйренген ырғақтарымен дене жаттығуын жасауға талпынады. Бәрі бірге қосылып, сәлемдеседі. Балалар пойызға отырып, өлең ырғағымен жаңа «рәп» қимылдарын жасауға, сөздерді бірге қайталауға тырысады. Бір рет жетекшімен жасап үйреніп, екінші рет өздері еркін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана!» Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлуді сұрайды. -Астана қандай қала? -Әннің сипатын ажырат. Дидактикалық ойын: «Сипатын ажырат». Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек таратып беріп, Қ. Құсайыновтың «Сәби қуанышы» шығармасын, «Асқақта, Астана!» әнін: «Қазан» шығармасын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Менің елім» әні бірнеше рет айтқызады. Ән үйрену: «Бәйтерек» Би: «Қара жорға» балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын» қимылдары, иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ырғатылып қимылдауын үйретеді. Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Биге деген құштарлығы сезілген балалардың өз бетінше билеуіне ерік береді. Ойын: «Мен күшікпін»	Балалар әнді тыңдайды. Астана-әдемі, жаңа қала Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады. «Сәби қуанышы»- Көңілді, «Асқақта, Астана!» -жігерлі, «Қазан»-сабырлы. Әнді анық айтуға, бірдей бастап, бірге бітіруге тырысады. Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды. Буындарын еркін қозғалуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Музыканы тыңдаған ұнай ма? -Кім әнді жеке айтқысы келеді? -Келесі жолы барлық таңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз. -Сендер өте жақсы ән салып, би билейсіңдер.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы, ырғақты сезіну, сипаттарды ажырата білуі керек.

Игереді: үлестірмелі дөңгелек- текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.

Меңгереді: музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді.

Мерзімі: 27,29 - желтоқсан 2021 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Аяз ата мен Ақша қар»

Мақсаты: қыс кейіпкерлерімен танысу. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.

Көрнекілік: қуыршақ Аязата, Қаршақыз, кішкентай үстел, кішкентай шаналар, ленталар, шамдар.

Сөздік жұмыс: алақай, Аязата, Қаршақыз, шырша, аяз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі топқа барып амандасып, балаларды қуыршақ театрына шақырады. Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. -Балалар! Балалар! Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым – Қаршақыз! -Ой, мынау қандай әдемі шырша, ойыншықтарының жалтырауын-ай! (Шырша жанып ,айланатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне, шыршаға шапалақ соғайық, аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар, сендер шырша туралы ән білесіңдерме? Музыка тыңдау: Г.Абдрахманова, А.Магмен «Шамшырақтар» -Әнін тыңдайық. Қаршақыз: -Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін, ал сендер тыңдандар. Ән үйрену: Г.Абдрахманова, А.Магмен «Шамшырақтар» Қуыршақ-Аязата сөйлеп шығады: -Балалар! Балалар! Айналайын балалар, Өлең, тақпақ айтыңдар, Маған билеп берсеңдер, Сыйлығым бар сендерге! Г.Абдрахманова, Э.Фасхудинова «Билейміз Аязатамен» әніне бәрін жұптасу биіне шақырады. Педагог балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Ойын: «Аязата сенбісің?». Қаршақыз: -Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп барамыз. Аязата: -Қош сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, сыйлық әкелемін. Ал бүгін сендерге көп – көп қар сыйлаймын,- деп қар беріп кетеді. Музыка жетекші: «Ойлаймыз, ойлаймыз, Жаңа жылды тойлаймыз»	Балалар залға кіреді, амандасады. Балалар амандасады. Балалар күледі, қуанады. Жалған шыршаға шапалақ соғады, топылдатады. Балалар «білеміз» деп есіне түсіреді, айтуға тырысады. Балалар Қаршақызға қарап, әнді тыңдайды, қайталайды. Балалар: «Айтамыз, айтамыз, Биде билей аламыз. Кәне, кәне сыйлығың, Алайықшы бәріміз». Аязата, ля-ля-ля. Аязата, ля-ля-ля. Бірге билеп аяқтарымен, Қолдарымен қимылдауға тырысады. Балалар қол бұлғап қоштасады. Балалар қарды алып қуанады, ойнауға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, сендерге кім келді? Педагог екеуі «Қарыспақ» ойынын ұйымдастырады, ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар, балалар!- деп мадақтайды.	Аязата, Қаршақыз

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.

Иегерді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.

Меңгереді:

Шеңбермен жұптасып жүруді

Мерзімі: 5,10 -қаңтар 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация- лық- қозғаушы- лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл жыры», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық- түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:**

әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді:

музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Мерзімі: 12,17 - қаңтар 2022 ж**Білім беру саласы:** Шығармашылық**Бөлімі** Музыка**Тақырыбы:** «Аққала»**Мақсаты:** тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** үстел үстінде жұмбақ жаттығуға арналған баспалдақ, баскиім, мұрын, сыпырғыш.**Сөздік жұмыс:** аппақ, Аққала, топ бала.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды жылы шыраймен қарсы алу, амандасу. Ортаға кішкентай шырша қойылады. «Шырша жыры» әнімен балаларды сергіте жүруге, секіруге, қол ұстасып шеңбермен жүруге шақырады. Ән ырғағы мен мәтінді тыңдап, балалардың қимылдар көрсетулерін сұрайды. Балаларға әуенмен жұмбақ жасыру тәсілін түсіндіреді. Баспалдақ арқылы дыбыстар жоғары көтеріледі және төмен түседі, қайталанады. «Баспалдақ» дауыс жаттығуы.	Балалар залға кіріп амандасады. Балалар әнді тыңдай жүріп, жетекшіге қарап, қайталайды, иби қимылдарын жасауға талпынады. Баспалдаққа қарап жетекші дыбыстарды төменнен жоғары айтатынын ұғынуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Аққала» жұмбақ жаттығуы. <i>Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар. Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар?</i> -Сонымен ол кім екен, балалар? Жаттығу (жоғары, төмен дыбыстарға арналған). Балаларға баспалдақпен төмен қарай айтуды жеке-жеке шақырып үйрету. Тыныс алу жаттығуын ойын арқылы көрсету. Аққала: Балалар, мен еріп бара жатырмын, көмектесіңдерші! «Аязата сенбісің?» әнін қайталауды ұсынады. (Өткен сабақтан қайталау. Музыкасы Б.Дәлденбай сөзін лайықтаған Ж.Әбдірашев). «Аққала» әуені ойланып, балаларға әуені мен қимылы үйретіледі, көрсетіледі. Кез келген баланы ортаға шығарып, Аққала кейпінде ойнауға шақыру. Әннің соңы жылдам музыкаға айналады. Жылдам музыкамен көңілді жүгереміз, қашамыз, тоқтағанда қозғалмай, қатып қалу керек. Балаларға келесі ойынның шартын түсіндіру. «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?»	Балалар сөзін тыңдайды, «Аққала» деп жауап беруге тырысады. Балалар қолымен баспалдақты жоғарыдан төменге қарай жылжытып отырып, дыбысты сөзбен жауап беруге тырысады. Аққалаға көмектесу үшін оған үрлейді, тыныс, дем алу жаттығуын қайталайды. Әнді қайталап айтуға тырысады. Шеңбермен жүріп әнді орындауға талпынады. Балалар көңілді музыкаға жылдам жүгіреді, музыка үзілгенде тоқтай қалуға тырысады.

Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар, біз кеммен ойнадық? -Енді өздерің далаға серуенге шыққанда Аққаланы жасап көріңдер. Сау болыңдар!	Балалар қоштасады.
------------------------------	--	--------------------

Күтілетін нәтиже:

- Біледі:** тыңдауды, қайталауды, дыбыстарды таза айтуды.
- Игереді:** дыбыс жаттығуын, баспалдақпен дыбыстарды жоғары төмен айтуды.
- Меңгереді:** мәтініне қарай қимылдарды тыңдап жасауды.

- Мерзімі:** 19,24 -қаңтар 2022 ж
- Білім беру саласы:** Шығармашылық
- Бөлімі** Музыка
- Тақырбы:** «Қысқы орманда»
- Мақсаты:** әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге,оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулау.

Қолданылатын көрнекті құралдар: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап,қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: жаңа жыл,сабырлы,көңілді,ырғақ.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотива- циялық- қозғаушы- лық	Балалар педагогпен бірге келеді,жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме,ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі.Балаларды қысқы орманға шақырады.Қысқы орманның жіңішке,жуан,сабырлы да ақырын,көңілді жолдары,көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса,қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін келіп тұрады. Сә-ле –мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын,тембрін естеріне түсіруге тырысады.

Ұйымдастырушылық- ізденістік	Оған баруымызға бізге музыка көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек» П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл»,Қ.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда,әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасауды ұсынады.(М.Андреева).Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын-ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылд,көңілді әуесін үйрене отырып,ырғақтың суреттеріне мән бере,таза айтуға дағдаландырып,дыбыс биіктігін ажырата білуін ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында «вальс» ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, Қолға жылытырақтар Алып,оңға-солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. Балалар шеңберге тұрып,дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды,әнді орындарына отырып айтады.
Рефлексиялық- түзетуші	.Балаларды басты,қосалқы кейіпкерлер рөліне бөленеді. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар» Глинканың «Полька»марш ырғағымен қыздар адымдайды,ұлдар секіреді. Ырғақты қимыл: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» Балаларды ұрмалы аспапта ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды,тыңдауды,естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш,вальс,полька сипаттарын ажырата біледі.Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 24,26,31 -қаңтар 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Айнала ақша қар»

Мақсаты: музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.

Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш; қыс көрінісі бейнеленген сурет.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
-----------------------------------	-----------------------------------	-----------------------

Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды алаңға «Қыс қызығын» ойын-сауығына шақыру. Жетекші : Қыс қызығы басталды Ойнап асыр салайық. Сазды әуен мәнерлеп, Ырғақты әнге салайық. Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» Балаларды шеңберге тұрғызып, әндете жүріп бубенді үлестіреді. Бірімізге-біріміз Бубенді үлестіреміз. Кімге келіп тоқтаса Би ырғағын көрсетсін. Әуен тоқтағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шартын түсіндіреді. -Біз бубенді ырғақпен соғамыз, ал сен ырғақты бұзбай билеп бересің. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас, т.б.ұрмалы аспаптарыды үлестіріп береді. Бііз ырғақты қағамыз, Бір, екі, үш, төрт, Жылдамдатып соғамыз, Тез-тез, тез-тез, тез-тез, Жай, жай, жай, жай. Тоқтат, тоқтат ырғақты, - деп бірнеше бала қайталайды. Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «Аққала көмекке шақырады» «Қояндар жарысқа шақырады». Күлдіргіш балалармен аяғына дейін бірге ойнайды.	Балалар ойын-сауыққа көңілдене шығады. Балалар бубенді әндете жүріп үлестіруге тырысады. Ортаға шыққан бала ырғақты тыңдап, би қимылдарын есіне түсіруге талпынады. Балалар аспаптарды қолдарына алады. Ұрмалы аспаптармен ырғақты қайталап соғуға тырысады. Балалар шақырған кейіпкерлерді естеріне түсіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	«Шаңғы тебеміз» (Е.Тилисеева) ән жаттығуымен Аққала көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Қояндар». «Қыс» (Б.Жүсімалиев, А.Асылбек) әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ән: «Айнала ақша қар». Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар (педагогтер) қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады. Ойын: «Көңілді ырғақ». Қоян дирижер рөлінде. Ырғақ пен өлшемге арналған ойын. Жай бірте-бірте жылдам және тез ырғақ. «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) әнін қайталау.	Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. «Үш аю» ертегісін естеріне түсіреді. Балалар ырғақты тыңдайды. Әке аю Ана аю Қонжық Қонжық және үлкен аюлардың жүріс ырғақтарының айырмашылығын айтуға талпынады. Балалар жаттығуды айтып қояндарға барады, үйренеді. Дирижерға қарап, қызығушылықпен қатысады. Қимылдарының ырғағы мен өлшемін ажыратуға талпынады. Балалар әнді мәнерлеп айтады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	-Балалар, сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар? -Кімдерді кездестірдіңдер?	Қыс қызығы мерекесіне. Аю, аққала, қоян, күлдіргіштерді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды. Текшемен жұмыс жасауды.**Меңгереді:** музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру)

Мерзімі: 2,7 -Ақпан 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П.И.Чайковскийдің

Сөздік жұмыс:

«Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу. сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация- лық- қозғаушы- лық	Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші қарсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!-деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары мен көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық.	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе? Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Оған баруымызға музыка бізге көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан», Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл», К.Қуатбаевтың «Балдырғандар маршын» тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан»шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? -Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дауысы өте таза,-деп балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын ұсынады (М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындап қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуге ұсынады.	«Желтоқсан» шығармасында вальс ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, оңға, солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы» - көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді орындарына отырып айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғақтарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.
Рефлексиялық- түзетушілік	П.И.Чайковскийдің жаңа жылға арнап жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұнтаспада тыңдалады және осы балетке «Кішкентай қойылым» ұйымдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғақты қимылдар: балаларға өздері ойлап би қимылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйретеді.	П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Мерзімі: 9,14 -ақпан 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жау, жау, жаңбыр»
Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.
Қолданылатын көрнекі құралдар: шатыр, күн, бұлт, күз, шуақтар, таяқшалар.
Сөздік жұмыс: күледі, қалады, домалау, жаңбыр.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екіні айтып түсіндіру.	Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді, қатарға тұрады. Әуеннің <i>сәлем, келеміз, алақай</i> сөздерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға « Күн мен жаңбыр » әнін (Г. Абдрахманова) қайталау. Зал іші күз мезгілі бейнелеген және Күннің жарқырап күліп тұрған, жаңбырдың себелеп жауып тұрған суреттерімен безендіріледі. Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы айтылғанда « <i>тырс-тырс</i> » деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдату естеріне түсіреді, үйретеді, қайталады. Әнді еркін айтуды сұрайды. «Күн мен жаңбыр» ойыны («Ақ желкен» СД). Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталады.	Балалар әуенді есіне түсіреді. Күз, Күн, жаңбыр, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға талпынады. Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды. «Тырс-тырс» дыбысын, сөздерін анық айтып, саусақтарын тырсылдату қайталайды. Күн күркірегенде қолшатыр астына тығылады. Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, секіруге, бір орында айналуға машықтанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер? -Сендер жақсы ән айтып, билеп беріңдер, -деп мақтайды. Қоштасады.	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.
Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жабырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғады.
Меңгереді: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады

Мерзімі: 16,21 -Ақпан 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: Самолет
Мақсаты: ойын арқылы балаларды есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолдарына көрнекі құралдар: ұшақ макеті.
Сөздік жұмыс: ұшақ, «гүр-гүр».

Оқу іс–әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Ұнтаспада «Қуыршақ» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз қоңыр қожыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста , орманда тұрады, -деп түсіндіреді.- Орманға жету үшін мына «Көңілді ұшаққа» отырайық, -деп ұшақ макетін көрсетеді. <i>«Ұшаққа бірге барайық, Ұшақтан орын алайық»,</i> - деп тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана, келісіп, орындықтарға жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	«Ал, ұшақ бастайды, Гүр-гүр, гүр-гүр, Ән айтып біз қостайық», -деп, «Ұшақ» әнін орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді ұшақтан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды ұстап тұрып: <i>«Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын»,</i> -дейді. -Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деп ұсынады. —«Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтып қуантайық. «Сұр қоян» әнін(музыкасы А.Филиппенко, сөзі К.Ұбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.	Балалар «гүр-гүр» сөздерін қайталауға тырысады. Ұшақта отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Балалар қоянды көріп, қуанады. Қоянды ұстап, сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.
	«Қоңыр аю қорбанбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог ойыншық аюд алып шығады. Аю: <i>«Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай, Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай»</i> (А.Асылбеков). -Сәлеметсіңдер ме ,балалар! Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап, қимыл жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансың тату болып жүрейік»- деп «Қояндар мен аю» ойының ұйымдастырады.	Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбанбай» жүреді, бір орында айналады. Балалар «қояндар» рөлінде ойынға көңілді қатысады. Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Музыка жетекшісі «Көңілді ұшаққа» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «ұшақ» балабақшаға оралады. «Ұшақ» әні қайтадан орындалады. -Біз қандай көлікке отырдық? Ұшақ қалай жүреді екен? Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар ұшаққа отырып, жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуаныш қол шапалақтайды. Құл бұлғап, қоштасалы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : ұшақ туралы ұғынып, білуі керек.
Иегерді: ұшаққа отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау.

Мерзімі: 23,28 -ақпан 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ғарышкер боламыз»

Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін арттыру.Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету.Ән айту,есту қабілеттерін әрі қарай дамыту.Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру,түсініп,әңгімелеуге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: скафандр атрибуты,құрсаулар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ғарышты,ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер.Ю.Гагарин,Т.Әубәкіров,Т.Мұсабаев суреттері.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді-ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В. Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды,бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді. 12сәуір –Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады. <i>Сапар үшін келесі, Дайын ғарыш кемесі. Бұған ертең мініп ап, Айға барамыз зымырап.</i> (А. Сопыбеков) -Ғарышқа тек мықты,шымыр балалар ұша алады.Ал кәнеки,қазірден жаттығуға әзірленейік!-деп,жаттығулар жасауды ұсынады (музыка жетекшісінің таңдауымен).	Балалар марш ырғағын сезіне, денелерін түзу ұстап, нық баса жүреді. Көңілді биді жеңіл, жұптасабилеп, би қимылдарын еркін жасайды. Өз беттерінше еркін билеп дағдыланады. Ғарышкерлер күні туралы біліп,түсінік алады. Дене жаттығуларын бірдей қимылдап жасайды.Әуен ырғағын сезіне қозғалып,мәнерлеп көрсетеді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Міне,енді шынығып,ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп,ұшуға дайындық жасалды. Ұнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып,балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады. -Міне,белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би» (Р.Шуман) ойналып,балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды.Р.Шуман туралы түсінік береді. -Балалар,сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай Юпитер,т.б.) -Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдаңдар! Музыка тыңдау: «Айды әперші,апаттай!» (Е.Өміров,Ө.Тұрманжанов) әнін орындап береді. Әннің мәтінін,сипатын түсіне әңгімелеуді ұсынады. -Ғарыш деген не? -Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? -Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан?-деген сұрақтар қойып,толық мәлімет береді.Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин,Т.Әубәкіров,Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді,мәлімет береді.Ғарыш айлағы Байқоңырда орналасқанын,алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді.<i>Көкке ұшамын, Ұшқыш болар баламын.</i> Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз»	Әуенді тыңдап,ерекше үндерді естіп,сезінеді. Көздерін жұмып,өздерін ғарыш кемесінде отырғандай сезінеді. Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді. Ғарышкерлер туралы мағлұмат алып,Байқоңыр туралы біледі. Тапқакты қайталап,еске сақтауға,жатқа айтуға үйренеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Кел,билейік» әуеніне көңілі би билеуді ұсынады. Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды,мәнерлеп билеуді ұсынады. -Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балаларды мадақтап,белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта»немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.	Көңілді биді өз қалауынша би қимылдарымен мәнерлеп билейді.Ырғақты сезіне қимылдайды. Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды,классикалық музыканы ажырата білу,тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.

Игереді: ғарыш,ғарышкерлер,ғарыш айлағы туралы түсініп,түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.

Меңгереді: әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды,шығарманы тыңдап,мағынасын түсіндіре Алуды

Мерзімі: 2 -наурыз 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырыбы: «Ана-өмір шырағы»

Мақсаты: музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге,мимика түрінде көрсете алуға үйрету.Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге,би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.Музыкалық қабілеттерін,шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар:атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері.

Қажетгі құрал-жабдықтар:гүлдер,қоңырау,үшбұрыш,металлофон аспаптары.

Алдын ала орындалатын жұмыстар:ана туралы тақпақтар,қанатты сөздер.

Сөздік жұмыс: мимика,терция,кварта.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Вальс (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан)ойналып,балалар би қимылын қайталап үйренеді.Еске сақтап,биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды.Би элементтерін соңына дейін көрсетіп,бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды. «Гүлдермен би» Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады. <i>Еркелеткен баласын, Аман болшы,анашым.</i>	Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді,өз шығармашылықтарын көрсетеді. Гүлдермен би қимылдарын нәзік,жеңіл орындайды.Гүлдердің әсемдігін қимылмен жеткізуге тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Аман болшы,анашым!» -Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған. -Әннің көңіл күйі қандай? -Сендерге ұнады ма? Мазмұнын әңгімелеуді сұрайды. Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым». Терең тыныс алып,дыбыстардың біркелкі шығуына көңіл аудару.Таза айтуларын қадағалау. Ән үйрену: «Анашым»(Е.Хасанғалиев,А.Асылбек) орындалады.Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі. <i>Өтпесін әр кеш құр, Ойнаймыз оркестр!</i> Аспапта ойнау: «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш,бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады.Әуеннің ырғағын сезіне,өз реттіліктерін сақтауын қадағалау. «Өрнек» биінің элементтері қайталанып,еске сақтауға,мәнерлеп орындауға үйрету.	Әнді зейін қойып тыңдап,әсер алады.Нәзік әуенді сезініп,ойға батады. Алған әсерлерін жеткізе айтып, әңгімелейді. Жаттығуды көңілді,жайлары орындап,терция (ре I,фаI)ми,ля кварта интервалдарын таза орындауға жаттығады. Әнді тыңдап,нәзік,сазды әуенін сезіне қабылдайды.Әнді орындағанда әннің сипатын түсініп,оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қимылдық ән-ойын: «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап,шапшаң қимылдауға,жұптасып,қақпа жасап тұруға дағдыландыру. -Өз аналарыңа қандай тілек айтасыңдар? -«Ана-біздің гүліміз» дегенді қалай түсінесіңдер? -Аналарыңа қандай мерекелік сыйлық ұсынасыңдар? «Менің сүйікті анам» тақырыбына өз аналарын бейнелеп,суретін салуға тапсырма беріледі. Көрме ұйымдастырылады.	Ойынды ұйымшылдықпен,тату-бірлікпен белсене ойнайды,қызығушылықтары артады.Ойларын жеткізе әңгімелеп,сұрақтарға жауап береді.Өз аналарына тілектерін,тақпақтарын дайындайды.Мерекелік көңіл күймен шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкалық шығармалады тыңдап,салыстыру.Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату,әнді таза,тембрін сезіне орындау.

Игереді: әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді.Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді,гүлдермен биді жеңіл,бірқалыпты билеуді,аспаптардың үндестігін естіп,бірге оркестрде ойнауды.

Меңгереді:әнді таза орындап,эмоциясын көрсетуді,түрлі сипаттағы,ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

Мерзімі: 9,14 -наурыз 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі Музыка

Тақырыбы: «Айналайын анашым»

Мақсаты: анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету.Ата-анасын сыйлауға,қастерлей білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ана мен бала бейнелеген суреттер,мерекеде анаға гүл сыйлап тұрған баланың суреті.

Сөздік жұмыс: сыйлық,сый-құрмет,мейрам.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында көңілді әуенмен балаларды қарсы алады.Амандасады.Шеңбер бойымен жүгіру,секіру,музыкалық қимылдар жасау. -Балалар,мына өлең кім туралы жазылған,мұқият тыңдаңдар. <i>Бала,бала,бала деп, Түнде шошып ояңған, Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған.</i> (Ы.Алтынсарин)	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды,жүгіреді,айналады. Балалар өлең кім туралы екенін ажыратады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар,түнде тұрып,сендерді аялап өсірген аналарың.Ауырсандар-емдейді,тамақтарыңды береді,киімдеріңді жуады. Музыка тыңдау: «Ақ мамам» (музыкасын жазған Е.Хасанғалиев,сөзін жазған А.Асылбек). Музыка жетекшісі орындап береді. Анасын әрбір бала асыға күтетінін,анасы үйге келгенде қуаныштан маз-мейрам болатынын әндетіп жеткізеді.Анаға деген сүйіспеншілік,мейірімділік сезімдерін ояту.Өткен әндерді қайталау.Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп,бірін-бірі тыңдап айта білуге үйрету.Өткен әндерді еске түсіріп,қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау. Жаңа ән:«Мерекеңмен,анашым» (музыкасын жазған Б.Қыдырбек, сөзін жазған И.Сапарбай). -Көктем мезгілінде аналарымыздың мерекесі келеді.Әркім әлі келгенше сыйлық әзірлейді.Сндердің үлкен сыйлықтарың-ана туралы айтқан әндерің,жаттаған тақпақтарың,билеген билерің.Өздерің қандай тақпақ білесіңдер? Әннің мәтінін түсіндіріп,жаттату,әнді әуенімен қосып үйрету. Әуенді-ырғақты қимыл: «Биге шақыру» (А.Токсанбаев). Жетекші бір баланы ортаға шақырып,өзіне сыңар іздетеді.	Ана әрбір баланың қамқоршысы екенін түсіне бастайды. Ана туралы әнді тыңдап,өз аналары туралы жақсы лебіздер айтуға талпынады. Өткен әндерді еске түсіріп,қимылмен қоса айтады. Жаңа әннің мәтінін жаттап,әуенмен айтуға тырысады.Бала қалаған досын биге шақырып,аяқтарын бірге топылдатады.Музыка тез ойналғанда бірге айналады.Музыка аяқталғанда,екеуі қайтадан екі баланы биге шақырады.Осылай балалар түгел биге қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылайды.Балаларды мадақтау,марапаттау	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аналарының мерекесін білуі керек.Анаға деген сүйіспеншіліктерін бағалату.

Игереді: мереке,сыйлық деген ұғымдарды.

Меңгереді: өздері дос іздеуді,биге шақыру дағдыларын

Мерзімі: 28,30 -наурыз 2022ж
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Наурыз-жыл басы».
Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.
Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.
Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру)

Мерзімі: 17,29,31 -наурыз 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Армысың, Наурыз».

Мақсаты: әже арқылы балаларға жайлау туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Сөздік жұмыс: жайлау, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс – әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Аmandасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарлымыз бәріміз, Дастарханда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!»	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	-Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін-мереке. Міне дастархан қазақтың ұлттық тағамдарына толы бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз-біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж.Қалжанова). -Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады. Ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады.	Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Иағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, жент, ірімшік сөздерін әлдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Бәйге ойыны. Балалар кеңінен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.	Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : жайлау туралы мәліметтерді

Игерді: жайлау, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерін игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

Мерзімі: 4,6 - сәуір 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Айгүл қонақта»

Мақсаты: музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, ойыншық, бесік.

Сөздік жұмыс: қуыршақ, ойыншық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залына көңілді әуенмен кіргізу. - Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Қане, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік. Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйрету. - Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескерту.	Балалар әуенді ести отырып, қимылдар жасайды. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Ал, балалар, қазір Айгүл ән орындап береді, соны тыңдайық (қуыршақты ұстап отырып, әнді орындау). «Жүгіреміз, жүгіреміз» (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова) - Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар. - Ал келіндер, келіндер, Мені ұуып жетіндер. – деп, ойынға шақыру. Ал қанекей, қашыңдар, Тез-тез аяқ басыңдар, - деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі. Балалардың көңіл күйіне қарай отырып ойынды қайталау.	Музыканы тыңдайды. Балалар қуыршақ Айгүлмен бірге жүреді, жүгіреді, аяқтарын көтеріп жүруге талпынады. Қол шапалақтайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады. Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, бізге бүгін кім келді? Балалардың жүрісіне, оынына ризашылығын білдіру. Айгүл: «Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар.	- Қуыршақ Айгүл келді. Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнменге сай қимыл жасауды.

Игереді: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді

Меңгереді: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады

Мерзімі: 11,12 .2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат»

Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: скафандр атрибуты, құрсаулар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ғарышты, ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю. Гагарин, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев суреттері.

Сөздік жұмыс: ғарыш, ғарышкер, зымыран, Байқоңыр, скафандр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді-ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В. Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді. 12сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады. <i>Сапар үшін келесі, Дайын ғарыш кемесі. Бұған ертең мініп ап, Айға барамыз зымырап. (А.Сопыбеков)</i> -Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады. Ал кәнеки, қазірден жаттығуға әзірленейік! -деп, жаттығулар жасауды ұсынады (музыка жетекшісінің таңдауымен).	Балалар марш ырғағын сезіне, денелерін түзу ұстап, нық баса жүреді. Көңілді биді жеңіл, жұптаса билеп, би қимылдарын еркін жасайды. Өз беттерінше еркін билеп дағдыланады. Ғарышкерлер күні туралы біліп, түсінік алады. Дене жаттығуларын бірдей қимылдап жасайды. Әуен ырғағын сезіне қозғалып, мәнерлеп көрсетеді.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Міне,енді шынығып,ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп,ұшуға дайындық жасалды.Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып,балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады. -Батыр ағаларымыздай сендер де ғарышкер болғыларың келе ме? Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз» (С.Мұхамеджанов,Ш.Мұхамеджанов). Әннің мәтінін түсіндіріп,әуенін үйретеді.Жылдам екпіні мен ырғағына мән береді.Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады. Әуенді-қимылды ойын: «Роботтар кемесінде». Үнтаспада робот қимылына сай әуен ойналып,балалар робот қимылдарын көрсетеді.Әуен тоқтағанда,өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс. Ғарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені естіліп,балаларға жерге оралуды ұсынады.Балалардың көздерін жұмып,әуенді сезіне қабылдауларын бақылайды. «Айгөлек»әуенін оркестрде ойнауды жалғастыру.(қоңыр,үшбұрыш,металлофон).	Әуенді тыңдап,ерекше үндерді естіп,сезінеді. Көздерін жұмып,өздерін ғарыш кемесінде отырғандай сезінеді. Дауыс жаттығуларын жеңіл,әндете орындайды. Балалар сұрақтарға жауап беріп,көңілдері көтеріледі.Жаңа әнді үйреніп,мәтінін түсінеді.Әуенін сезіне,таза,анық айтуға үйренеді. Әнді тыңдап,сипатын ажыратады. Ән мазмұнын түсініп,әңгімелей алады. Робот қимылын өз еріктерінше көрсетіп,билейді. Қолды,аяқты тез,шалт қозғау.Тізені бүкпей адымдап жүру.Балалар кемеге отырып, «ұшады». Оркестрде ойнауды жалғастырады.
Рефлексия-лық-түзетушілік	«Кел,билейік» әуеніне көңілі би билеуді ұсынады.Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды,мәнерлеп билеуді ұсынады. -Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балаларды мадақтап,белсене қатысқан балаларды атап өтеді.Үйде «Ғарышта»немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.	Көңілді биді өз қалауынша би қимылдарымен мәнерлеп билейді.Ырғақты сезіне қимылдайды. Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

- Біледі:** әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды,классикалық музыканы ажырата білу,тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.
- Игереді:** ғарыш,ғарышкерлер,ғарыш айлағы туралы түсініп,түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.
- Меңгереді:** әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды,шығарманы тыңдап,мағынасын түсіндіре алу.

- Мерзімі:** 18,20 -сәуір 2022 ж
- Білім беру саласы:** Шығармашылық
- Бөлімі:** Музыка
- Тақырыбы:** «Күн мен жаңбыр»
- Мақсаты:** ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендерді тыңдау,сезінуге баулу.
- Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күн,бұлт суреттері,қолшатыр.
- Сөздік жұмыс:** күн,жаңбыр,қолшатыр.

Оқу іс–әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады.Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді. Жетекші әндетеді: <i>«Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды».</i>	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап,әуенді көңілдене тыңдайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жетекші: -Балалар,сендер не көріп тұрсындар? Кәне,бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Үнтаспадан күннің күркірегені,жаңбыр тырсылы естіледі. -Балалар,мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. -Балалар,сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды,ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады. «Жапырақтар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады. «Күн» (М.Т.Потапенко)(Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.	Балалар жауап береді. Балалар жаңбыр даусын естіп,таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады. Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді,жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады,жасырынуға талпынады Балалар әнді еркін қимылдап айтуға талпынады. Балалар тыңдап, ойнауға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар,Күн шуағы сендерге қуанып,келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр.Кәне, Күнмен қоштасайық.Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар,- деп мақтайды.	Балалар күнге қол бұлғап көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

- Біледі:** музыканы тыңдау,көңілді,көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.
- Игереді:** музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай,мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
- Меңгереді:** көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді,дағдыланады.

- Мерзімі:** 25,27 - сәуір - 2022ж
- Білім беру саласы:** Шығармашылық
- Бөлімі:** Музыка
- Тақырыбы:** «Ғажайып сылдырмақтар»
- Мақсаты:** сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.
- Көрнекілік:** сылдырмақтар.
- Сөздік жұмыс:** сылдырмақ, жомарт.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
-----------------------------	--------------------------------	-----------------------

Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыка үнімен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, т.б. Беркесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. (Н.Әлімқұлов) - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Балалар жауап бере алмаса көмектесу.	Балалар музыка әуенімен залға келіп, жүреді. Серіпшелі иізе бүгеді, айналады. Өлеңді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Күзде жемістер піседі, қысқа дайындық жасаймыз. - Қандай жемістерді білесіңдер? Музыка тыңдау «Күз-жомарт» Д.Ботбай, Е.Өтетілеуов). - Балалар, жомарт деген сөздің мағынасы мырза, берекелі деген сөз. Күзде жемістер піседі, егін жиналады, қысқа дайындық жасалады. Күн біртіндеп суыта бастайды. Ән шумағы жай орындалады, ал қайырмасы өте көңілді, жылдамырақ орындалады. Ән айту: «Сылдырмақ» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Өткен сабақта айтылған әндерді қайталау. Музыка жетекшісі әнді балалардың естеріне түсіре отырып орындайды. Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. «Шар» әнін ортаға шеңберде тұрып, қимыл жасап айту. Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Түгел шумақты үйреткен соң, «Шақ-шақ-шақ» деген жерде қолмен ұрады. Әнді түгел үйреніп болған соң, сылдырмақты таратады. Сылдырмақты ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Бәсең жерінде жайұрып, ширақ жерінде қатты қағу. Ойын: «Сылдырмақты ойын» (Б.Дәлденбай). Шеңбер жасап, қолдарына сылдырмақ алады. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.	Балалар өздеріне таныс жемістерді атайды. Балалар музыканы тыңдайды. Шумағы мен қайырмасы арасындағы айырмашылықты ажырата тыңдауға тырысады. Өткен сабақтағы әнді еске түсіріп, орындайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек-кезек көтеріп, аспанда қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтініні қайталайды. Әуеніне қосылып, бірінші шумақтан соң сылдырмақты жай соғып, екінші шумақтан кейінқатты соғады. Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, сылдырмақты жасырып, аяқтарын топылдатады.
Рефлексия-лық-түзету-шілік	- Сонымен, қазір жылдың қай мезгілі? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Қандай ән айттық? Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен сылдырмақты жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгереді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды

Мерзімі: 4,16 - мамыр 2022 ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»

Мақсаты: Балалардың достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілік: «Менің досым» - балалардың салған суреттеріне көрме
Сөздік жұмыс: ұйымдастыру, татулық, достық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды музыка зылында көңілді қарсы алады. Амандасады. - Аманыңдар ма, достарым? Сендерді көргеніме қуаныштымын! Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң. Балақай! - Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жақса үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Біз бір-бірімізбен татуымыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар. Ән тыңдау: «Достық» (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев) - Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз» (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова) - Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады. Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (музыкасын жазған .Токсанбаев). Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендетіп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шырқобелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады. Балаларды ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады. Балалар музыка әуенімен ілесіп, қимылдар жасайды. Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесі топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Рефлексия- лық-түзету- шілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық, достық түсініктерін

Меңгереді: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Мерзімі: 11,16 -мамыр 2022

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз»

Мақсаты: балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс: әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады. «9-мамыр-Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады. «Ел қорғауға әзірміз» (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.	Балалар музыка ырғағымен жұптасып жүруге, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді. Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады. Әнші ұл бала әнді мәнерлеп айтуға талпынады, балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдарды жасауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді. Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов) ұнтаспада тыңдайды. Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады. Би: «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды. Ән үйрену: «Момышұлы Бауыржан» (Е.Өміров, С.Тұрғынбеков). Ардагерлерге арнап «Сарбаздар» әніне (М.Жәутіков) билеп беруді ұсынады.	Балалар «Мәңгілік алау» басына ардагерлердің не үшін жинағанын түсінуге талпынады. «Жеңіс күні» әнін тыңдайды. Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, «Катюша» биіне қызыға қарайды. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қояды. «Сарбаздар» әніне билеуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Қандай паркте болдық? -Қандай әндер тыңдадыңдар? -Қандай Би ансамбльдерін білесіңдер? Дидактикалық үлестірмелі ойын: «Жанрларды ажырат». Балаларға текшелер таратып беріледі.	Панфилов паркінде «Жеңіс күні» , «Момышұлы Бауыржан» Балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды.

Меңгереді: әскери музыканы тыңдап, қосыла ырғақпен билеуді.

.

.

Мерзімі: 18,23 -мамыр 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: музыканы тыңдап,сипаттарын ажырата білу.Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.Ойындарда эмоциясын ояту.Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.(Көріністі халық әндеріне салып үйрету).

Қолданылатын көрнекі құралдар:бағдаршам,жаяулар өткелі,тең жолмен қиылыс,қауіпті бұрылыс,басты жол.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұнтаспа,дискілер,қасқыр,желаяк,тұлпар,қоян, арыстан,кейіпкерлерінің костюм атрибуттары.

Сөздік жұмыс:сабырлы,көңілді,жігерлі,бағдаршам,ереже,ескерту,тыйым салу,көрсеткіш.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.Б.Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге,орындарына тұрып билеуге,өз орындарын табуға үйретеді.Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады.Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп,бірге қосыла айтып жасауға үйретед Музыка әуенімен қимылдар жасайды.	Балалар кіреді, «Амандасу жаттығуын» айтады.Би қимылдарын еркін жасауға,жүруге,орындарына тұруға,өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап,есіне сақтауға,шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<i>Желаяк: Бағдаршамға қараймын, Қараймын мен таңдана. Өшіп-жанға көзіңіз Алмай сырын аңғара.</i> -Ия,Қасқыр,әлі күнге дейін жол тәртібін біомейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін.(Зуылдап жүгіріп өтеді.) Тұлпар: <i>Ережесін көшенің Шемішкедей шағамын. Болмай ма екен тұлпардай, Баяу өте алтын.</i> (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян: <i>Әй,әй,Қасеке, Не көрінді өзіңе, Қарасаңшы көзіңе! Бағдаршамға қиылып, Қараймын мен жымып. Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп.</i>	Желаяк сөзін әнге салып айтуға тырысады.Желаяк мақтаншақтың кейпін сомдайды.Тұлпар өзінің сөзін әндете айтып,ойнайды. Жолмен өту ережесін көрсетеді.Қоян қорқақтың рөлін ойнауға тырысады.Қасқыр қуып,Қоян қашуға талпынады.Қоян Қасқырға жол ережесін бұзбауын түсіндіреді. Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.Әндетіп,ырғақтан шықпай айтуға талпынады.Қуаныш,өкініш, қорқыныш сезімін көрсетуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. -Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма? -Жол ережесін естеріңе сақтаңдар,жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармандар. -Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?	Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады.Рөлде ойнаған ұнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканы тыңдап,сипатын ажыратуды.Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыканы тыңдап,ойын арқылы аңдарды сомдауды.

Меңгереді:музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды,рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

Мерзімі: 25,30 -мамыр 2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Домбыра сазы»

Мақсаты: ән, музыка арқылы көктем көріністерін сезіне білуге, көктем құбылыстарын жырата білуге үйрету.

Көрнекілік: көктемнің суреті, аспаптардың суреттері, асатаяқ.

Сөздік жұмыс: аспап, жаңбыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-қозғаушы-лық	Балаларды музыка залында музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберіне жасау.	Балалар музыка үніне ілесіп, шеңбер бойымен жүреді. Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Ауа-райы қандай? Табиғатта қандай құбылыстарды байқадыңдар? - Көктемді қалай атауға болады? - Көктемде жауын көп жауып, күн жылына бастайды. Ән айту: «Көңілді аспаптар». Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің мәтінін талдап, әуенімен қосылып үйренеді. Өткен әндерді қайталау. Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір-бірін тыңдап орындау. Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы). - Құрманғазы-күй атасы дейміз (суретін көрсету). Құрманғазы жастайынан зерек болған. Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың, соққан желдің, әрбір құбылыстың өзіне мән беріп, есті білген. Бала кезінде мал соңында жүріп, кішкене домбыра жасап алып, осы естігендерін домбыраға салып, тартып үйренген. «Аман бол, шешем, аман бол», «Сарыарқа, «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған. Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты – «Балбырауын». - Күй қалай орындалады? - Көңілді ме, көңілсіз бе? Музыкалық аспаппен танысу. - Сендер қазақтың киелі аспабы домбырамен таныссыңдар. Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне аспабының бірі – асатаяқ (суретін немесе өзін көрсету). Асатаяқ – ұрып ойнайтын аспап. Оған әртүрлі сылдырмақты, қоңыраулы әшекейлер қадайды. Музыка ырғағына қарай сілкіп ойнайды. Асатаяқ ансамбльдегі басқа аспаптардың үнін көркемдеп, көріктендіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай». Балалар кезектесіп шығып, әуенге ілесіп, ырғақпен сілкілеп ойнайды.	Балалар көктем туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады. Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді. Балалар композитор туралы мағлұматты тыңдап, күйден алған әсерлерін әңгімелеп беруге тырысады. Балалар аспаппен танысып, қолдарына алып, әуенге ілесіп ырғақпен сілкілеп ойнауға тырысады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	- Балалар, біз қандай жыл мезгілі туралы айттық, қандай композитормен таныстық? - Қандай күй тыңдадық? Ол күй не туралы? - Қандай аспаппен таныстық? Қорытындылау.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктем құбылыстарын білуі керек.

Игереді: көктем, жаңбыр, асатаяқ деген ұғымдарды игереді

Меңгереді: музыкаға ілесіп, ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын меңгереді.